

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ  
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

**СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУ  
БОЙЫНША ЖАҒДАЙЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР**

**Қарағанды-2023**

ӘОЖ  
КБЖ

Пікір берушілер:

Қазақстан Республикасы ІІМ  
Бәрімбек Бейсенов атындағы  
Қарағанды академиясы  
криминалистика кафедрасының  
бастығы, з.ғ.к., полиция полковнигі  
А.Б. Жакулин;

Қазақстан Республикасы ІІМ  
Қарағанды облысы ПД Орталық ПБ  
ТБ бастығының орынбасары  
полиция майоры А.Б.Мұхамбетов;

**Сүлейменов Т.Н., Әбдіқамалова И.К., Әлімбеков Қ.М.,  
Жақсыбаев Е.Б.**

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру бойынша жағдайлық тапсырмалар,- Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрлігі Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2023.

ISBN

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру бойынша жағдайлық тапсырмаларда негізгі көңіл сотқа дейінгі тергеп-тексеру жағдайларын талдау, жеке тергеу әрекеттерін жүргізу, тергеудің әр түрлі кезеңінде процестік шешімдер қабылдау икемдері мен дағдыларына баулу болып табылады.

Ұсынылған еңбек Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы кәсіби даярлық факультетінің курсанттарына арналған.

ISBN

© Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы  
Қарағанды академиясы 2023 ж.

## *АЛҒЫ СӨЗ*

Қазақстан Республикасында демократиялық құқықтық мемлекет құру жағдайында заңдылықты және құқықтық тәртіпті нығайту, қылмысты ашу ескерту және алдын алу, қоғамның мүддесін қамтамасыз ету, қылмыстық сот ісін жүзеге асыру кезінде адамның құқығы және бостандығы жөніндегі сұрақтардың маңызы арта түседі. Жүктелген міндеттердің тиімді шешілуі, Қазақстан Республикасының Ішкі істер Министрлігінің жүйесіндегі жоғары оқу орындарындағы мамандардың теориялық және тәжірибелік дайындығының деңгейіне ғана емес, сонымен қоса жас заңгерлердің қылмыстық істі тергеу барысында пайда болатын кейбір сотқа дейінгі тергеп-тексеру жағдайларын бағдарлай алуына байланысты болуда.

Ұсынылған жұмыста негізгі көңіл сотқа дейінгі тергеп-тексеру жағдайларын талдау, жеке тергеу әрекеттерін жүргізу, тергеудің әр түрлі кезеңінде процестік шешімдер қабылдау икемдері мен дағдыларына баулу болып табылады.

Бұл жұмыста ситуациялық барлық жағдайлар қолданбалы және тәжірибеде кез келген санаттағы қылмысты тергеу кезінде қолдануға жарайды.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру өндірісі кезіндегі тергеушінің процестік әрекетінің құрылымын және мазмұны бойынша ұсынылған нұсқаларын жетілдіру бойынша кез келген құрылымдық және ұсыныстарға авторлар алдын ала ризашылығын білдіреді.

*Авторлар ұжымы*

### *Есеп №1*

17.03.2023 жылы Кентау қаласының ПБ-нің, Түркия мемлекетінің азаматы, ХҚТУ-нің студенті 25.07.1997 жылы туған Демиртурк Туркер арызданып келді. Ол арызында 2020 жыдың наурыз айының 16 сы күні сағат 14:00 шамасында Кентау қаласы Қонаев даңғылы №24 үйдің алдында өзінің жалдап тұрып жатқан пәтерінің алдында отырған кезінде, өзіне таныс емес екі қыздың келгендігін баяндады. Содан екі қыздың бірі ұялы телефонын қоңырау салу үшін сұрап алғанын, сөйлесіп жүріп, өзінің дүкенге кіріп кеткенін пайдалана отырып, оқиға орнынан жасырынып, «HUAWEI mate 10» маркалы телефонын алып кеткендігі және оған материалдық шығын 100 000 теңгені құрағандығы туралы айтты.

Осы оқиға бойынша күдікті ретінде М.Тойжан және А.Нұрмаханова ПБ жеткізілді.

#### **Тапсырма:**

1. Жағдайға баға беріп, тергеушінің іс-әрекетінің тізімін талқылаңыз, толтырылатын құжаттар.
2. Қылмыстық істегі шет ел азаматтары.
3. Заттай дәлелдемелер дегеніміз не (ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаңыз)?
4. Қарап-тексеру қағидаларын атаңыз(ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз)?
5. Беттестіруге кімдер қатысы алады (ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз, жалпы қағидалары)?
6. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру нысындарың атаңыз(ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаңыз)?

### *Есеп №2*

2023 жылдың 16 ақпанында, сағат 17:00 шамасында Шет ауданы, Ақсу-Аюлы селосының, Шортанбай жырау көшесі бойында орналасқан №112 үйде тұратын 31.07.1994 жылы туған Алишев Бекназар Серикович өзара туындаған ұрыс-кекілжін барысында, сөзге келіспеушіліктің салдарынан, болмашы жағдайды себеп қылып, өз үстемдігін күш қодану арқылы көрсетіп, жәбірленішінің өміріне қауіпті, өміріне қасақана дене жарақатын келтіру мақсатында, сол үйдің ас бөлмесінде, диванда отырған өзінің нағашы ағасы 18.09.1972 жылы туған Мусабаев Жандос Айыпбергеновичтің бетінен жұдырықпен 1 рет соққан, бұл соққыдан кейін құлаған жәбірленушіні қайтадан соққыға жыға бастаған.

Соның салдарынан Ж.А.Мусабаев көптеген дене жарақаттарын алып, Шет ауданының ауруханасына, содан кейін Қарағанды қаласының облыстық ауруханасына жеткізілген. Қарағанды қаласының сот-медициналық сараптамасының қорытындысына сәйкес денсаулығына ауыр зиян келтірілген.

Күдікті Б.С. Алишевтің әрекеті ҚР ҚК-нің 106 бабының 1 бөлігі бойынша сараланды.

**Тапсырма:**

1. Жағдайға беға беріңіз.
2. Тергеушінің қылмытық істі жан-жақты және толық тергеу мақсатындағы әрекеттері.
3. Тағайындалатын сараптамалар, қойылатын сұрақтар тізімі.
4. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздар мен хабарларды қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы қандай нормативтік қайнар көзі болып табылады?
5. Қылмыстық іс бойынша күдіктіге қорғаушы тағайындаудың процестік тәртібі?

***Есеп №3***

2023 жылдың 12 сәуір күні таңғы 08.20 шамасында Шардара су қоймасының су қорықшылары және «Охотопом» ММ-нің инспекторларымен бірге заңсыз балық аулауға қарсы жүргізілген рейдтік іс-шара барасында шардара су қоймасының №4участкесінің «Сәрмен» маңында Жетісай ауданы, Атамекен ауылы бескек көшесі №5 үй тұрғыны 07.04.1986 жылы туған Мүгалбеков М.А пен Бекбуатов Б.Б. үрмелі резиналық қайықпен электр тоғын, ұрғыш құрал арқылы заңсыз балық аулап жүрген жерінен ұсталды.

Олар, алдын ала сөз байланысып, уылдырық шашатын жерлерде балық ресурстарын заңсыз аулау мақсатында өзінің әрекеттерімен ҚР ҚК-нің 335 бабының 3-бөлігінің 2),4)-тармақтарында көрсетілген қылмыстық құқықбұзушылық жасады.

**Тапсырма:**

1. Жағдайға беға беріңіз.
2. Тергеушінің қылмытық істі жан-жақты және толық тергеу мақсатындағы әрекеттері.
3. Жауап алу тергеу әрекетінде анықтауға жататын мән-жайлар.

4. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздар мен хабарларды қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы қандай нормативтік қайнар көзі болып табылады?
5. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеп-тексерудің процестік түрлері?
6. Қылмыстық іс бойынша күдіктіге қорғаушы тағайындаудың процестік тәртібі?

#### *Есеп №4*

27.05.2023 жылы Астана қаласы Есіл АПБ-не 1956 жылы туған Р.Ж.Жукеновтан (кәмелетке толмаған 11.09.2003 жылы туған Н.Ж. Тасболаттың заңды өкілі) Н.Рамазановты қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы арыз келіп түсті. Ол өз арызында 27.05.2019 жылы сағат 18.00 шамасында «Сарыарқа» Сауда орталығының жанында орналасқан аялдаманың жанында 17.10.2010 жылы туған Н.Рамазанов кәмелетке жасы толмаған Н.Ж.Тасболатқа дене жарақатын тигізген. Бұл факт бойынша ҚР ҚК-ның 107 бабының 2 бөлігінің 8 тармағына сәйкес қылмыстық іс тіркелді.

Сот-медициналық сараптаманың қорытындысына сәйкес Тасболаттың денесіне ауыр жарақат келтірілген. Тергеу барысында олардың Нұр-Сұлтан қаласындағы №25 мектебінде бірге оқығандығы анық болды.

#### **Тапсырма:**

1. Жағдайға баға беріңіз.
2. Тергеуші жасы кәмелетке толмағандардың қылмыстық істерін тергеудің ерекшеліктері.
3. Тергеуші жәбірленуші мен күдікті бір мектепте оқығандығын анықтағаннан кейін, қандай әрекет жасау керек.
4. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудегі тергеу әрекеттерінің түрлерін атаныз?
5. Қандай жағдайда қосымша жауап алу жүргізіледі (ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз)?

#### *Есеп №5*

09.03.2023 жылы 16.55 мин уақыт шамасында Сарыағаш ст.ЖПБ полиция қызметкерлері және «Сарыағаш станциясы» Экономикалық тергеу қызметі мамандарымен «Оголь» атты қызметтік итінің есірткі құралының иісіне белгі беруіне баланысты қарап-

тексеру жүргізіліп, Сарыағаш станциясының перронында тоқтап тұрған № 150-ші «Москва-Андижан» жолаушылар поезының №10 вагонының жолсерігі И.Р.Туйчиевтің қызметтік бөлмесінен төрт дана фольгаға оралған жасыл түсті келтірілген өзіне тән иісі бар өсімдік заты терезе жалюзінің қаптамасынан табылып алынған.

Аталған дерек бойынша ҚР ҚК 296 бабының 2 бөлігіне сәйкес қылмыстық іс тіркелді. Жауап алу барысында күдікті бұл заттарды «Жайсан» станциясында Арман атты бейтаныс адамнан сатып алғандығы туралы айтты.

**Тапсырма:**

1. Жағдайға баға беріңіз.
2. Тергеушінің әрі қарай жүргізетін тергеу әрекеттерінің алгоритімін белгілеңіз.
3. Тағайындалатын сараптамалардың түрлерін, оларға қойылатын сұрақтарды көрсетіңіз.
4. Бұлтартпау шарасын таңдау кезінде қандай мән-жайлар ескеріледі (ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз)?

**Есеп №6**

02.02.2023 жылы Алматы қалалық ПБ кезекші бөліміне 01.01.1961 жылы туған. Қаскелен қаласы Қайназар батыр көшесінің №19 уй тұрғыны азамат Қасымбеков Е.К жалған құжаттарды жасайды деген хабарлама түсті. Сотқа дейінгі тергеу ҚР ҚК 385 бабының 1 тармағына сәйкес тіркелді.

Тергеу барысында Алматы қаласының Әділет Департаментінің 2018 жылдың 21 желтоқсанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетінің тексерісінің қорытындысына сәйкес, елтаңбалы бланкісінде заңға қайшы келетін Төраға А.А Омаровтың қолы қойылған құжат табылды. Жауап алу барысында А.А.Омаров қойылған қол өзінікі емес екендігін мәлімдеп, жазу бұрын төраға орынбасары болып қызмет атқарған Е.К.Касымбековтің жазуына ұқсайтындығын көрсетті.

**Тапсырма:**

1. Жағдайда баға беріңіз.
2. Тергеушінің әрекетінің алгоритімі.
3. Тағайындалатын сараптамалардың түрлері, қойылатын сұрақтар.
4. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарын өзінің іс жүргізуіне қабылдаудың процестік тәртібі қандай?

5. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде қауіпсіздік шарасы қашан тоқтатылады?
6. Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеруді жүргізуді болғызбайтын мән жайлардың неше түрі бар (ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз)?

### ***Есеп №7***

2023 жылдың 25 ақпанында 03.12 уақыт шамасында Р.Б.Жунусов «Shaansi» М 809 АОН мемлекеттік нөмірі бар көлікті жүргізіп, «Shaansi» М 505 АЕЗ жүргізушісі М.С.Маликовпен алдын ала сөз байланысып, жеке қорғалатын АҚ «Арселор Миттал Темиртау» аумағына заңсыз түрде алдын ала ашық тұрған қақпанын алдынан, автокөліктердің шамдарын сөндіріп кірді. Содан Р.Б.Жунусов пен М.С.Маликов өздерінің заңсыз әрекеттерін біліп түріп, мақсаттарына жету үшін АҚ «Арселор Миттал Темиртау» аумағында орналасқан ЛПЦ-2 Участкасіне барып автокөліктерін сөндіріп тұрды. Содан кейін бейтаныс адамдар №37 электромосттық кранды қолдану арқылы аталған автокөліктерге 8 рулон (115,46 тонна) иленген металлдарды салады. Салып болғаннан кейін заңсыз түрде АҚ «Арселор Миттал Темиртау» аумағынан шығып кетеді. Бір сағаттан соң аталған автокөліктер Теміртау қаласының Мұратов көшесінен жол полиция қызметкерлерімен тоқталаып, құрықталады. Осы қылмысқа байланысты АҚ «Арселор Миттал Темиртау» ұрланған рулондар 675,191145 тенге құрағанын айтты. Оқиға орнына Теміртау қалалық ІІБ Жедел-оперативтік топ келді.

### **Тапсырма:**

1. Жағдайға баға беріңіз.
2. Тергеуші қандай тергеу әрекеттерін жүзеге асырады?
3. Алу өндірісінің процесстік тәртібі қандай, алу және тінту айырмашылығы қандай?
4. Қандай жағдайларда тінтуді санкциясыз жүргізуге болады?

### ***Есеп №8***

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде анықталғанына сәйкес, 24.05.2023 жылы белгісіз уақытта Л.П.Понамарев өзінің заңға қайшы әрекеттерді жасағандығын біле тұра, алдын ала сөз байланысу арқылы А.С.Зайцевқа Астана қаласының 70 квартал №3 уйдің жанында ұнтақ



тәріздес, өзіндік иісі бар, полимерлік пакетте оралған затты 2000 тенгеге, сату мақсатынсыз сатып алды. Сарапшының №209/5.1 қорытындысына сәйкес корсетілген ұнтақ аса ірі мөлшердегі (0,376 гр.) героин есірткі заты болып табылды. Бұл алынған есірткі затын А.С.Зайцев Астана қалалық ІІБ ЕҚҚБ қызметкерлеріне әкеліп тапсырды.

Сонымен қатар, 25.05.2023 жылдың сағат 16.00 шамасында Л.П.Понамарев өзінің заңға қайшы әрекеттерді жасағандығын біле тұра, алдын ала сөз байланысу арқылы А.С.Зайцевқа Астана қаласының 70 квартал №3 уйдің жанында ұнтақ тәріздес, өзіндік иісі бар, полимерлік пакетте оралған затты 5000 тенгеге, сату мақсатынсыз сатып алды. Сарапшының №215/5.1 қорытындысына сәйкес корсетілген ұнтақ аса ірі мөлшердегі (1,756 гр.) героин есірткі заты болып табылды. Бұл алынған есірткі затын А.С.Зайцев Астана қалалық ІІБ ЕҚҚБ қызметкерлеріне әкеліп тапсырды.

Сонымен қатар, 27.05.2023 жылдың сағат 23.00 шамасында Л.П.Понамарев өзінің заңға қайшы әрекеттерді жасағандығын біле тұра, алдын ала сөз байланысу арқылы А.С.Зайцевқа Астана қаласының 70 квартал №3 уйдің жанында ұнтақ тәріздес, өзіндік иісі бар, полимерлік пакетте оралған затты 5000 тенгеге, сату мақсатынсыз сатып алды. Сарапшының №222/5.1 қорытындысына сәйкес корсетілген ұнтақ аса ірі мөлшердегі (1,952 гр.) героин есірткі заты болып табылды. Бұл алынған есірткі затын А.С.Зайцев Астана қалалық ІІБ ЕҚҚБ қызметкерлеріне әкеліп тапсырды.

Сөйтіп, 28.05.2023 жылдың сағат 12.00 шамасында Л.П.Понамаревтің пәтерін тінті барысында кіре бріс бөлмесіндегі курткасының қалтасынан ұнтақ тәріздес, өзіндік иісі бар, полимерлік пакет табылды.

#### **Тапсырма:**

1. Жағдайға баға беріңіз.
2. Аталған дерек бойынша қандай сараптамалар тағайындалады.
3. Тінту және алу жүргізудің тіртібі
4. Жауап алу барысында қылмыстық іске қатысушыларға қойылатын сұрақтар.
5. ҚР ҚК сәйкес аталған дерек қандай бабымен жауапкершілікке тартылады.

### ***Есеп № 9***

2023 жылдың 22 наурызында сағат 16 сағат 39 минутта Қарағанды қалалық ПБ Кезекші бөліміне Қарағанды қаласы Сатыбалдина көшесі 2 уйде орналасқан «TINY DENT» тіс емханасында кәмелетке жасы толмаған 2016 жылдың 08 қаңтарда туған Иванов Сергей Петрович ем алу барысында аяқ асты жүрегі тоқтап қалғандығы жөнінде хабарлады. С.П.Ивановты Қарағанды қалалық ОМО мекемесіне жеткізген кезде көз жұмды деп хабарлама жіберді. Оқиға болған жерге жедел тергеу тобы шығып тергеу әрекеттеріне кірісті. Қылмыстық істі тергеу барысында комиссиялық сараптама тағайындау үшін эксгумация жүргізу қажеттілігі пайда болды.

#### **Тапсырма:**

1. Эксгумация өткізудің негіздері, себептері.
2. Тергеу судьясы алдында эксгумациялау жүргізу туралы өтінішхат қаулысын шығару.
3. Эксгумация және мәйітті қарап-тексеру хаттамасы.
4. Эксгумациялаудан кейін адамның мәйітін жерлеу туралы хаттама.

### ***Есеп №10***

11.09.2023 жылы Қарағанды облысының ПД кезекші бөліміне Қарағанды облысының ПД ЭҚБ жедел уәкілі Е.М. Сариевтің баянаты келіп түсті, онда литер «Т» заңды күшіне енген сот шешімі бола тұра қоғамдық немесе діни бірлестікке қатысты экстремизмді және терроризмді жүзеге асырып олардың қызметін ұйымдастырып қатысқан деп айтылған.

12.09.2023 жылы осы факті бойынша ҚР 405 б. 2 б. сотқа дейінгі тергеу басталып №173510031000231 тіркелді.

#### **Тапсырма:**

1. Жағдайда баға беріңіз.
2. Тергеушінің тергеулік әрекеттері қандай.
3. Жауап алудың ерекшеліктері, қойылатын сұрақтар.

### ***Есеп №11***

01.02.2023 жылы Албергенов Е. алдын ала топтасып Ж.Нысанов, С.Саматов, Ж.Сапаров және Е.Дулатовпен сөз байланыстыру арқылы травматикалық қаруды қолданып, Теміртау қаласы Волочаевская көшесі 56 үй аясында Б.Кунгейбаевты өлтірмекші болды, содан кейін м/н 202 LDA 05 «Тойота камри 40» маркалы автокөлігімен оны еркінен тыс ұрлап кеткен.

Сол күні Е.Албергенов оқиға орнынан қашып кеткен, ал қалған тұлғалар полиция қызметкерлерімен ұсталып, қаланың УҰИ қамалған.

Қазіргі уақытта Е.Албергеновтен басқа тұлғалардың барлығы түрлі жазалар бойынша сотталған.

09.06.2023 жылы адамды ұрлау дерегі бойынша Е.Алабергеновке қатысты негізгі қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеу барысында осы қылмыстық іс жеке өндіріске бөлектенген.

03.12.2023 жылы Қарағанды қаласы Қазыбек би аудандық сотымен күдікті Е.Албергеновке халықаралық іздеу санкцияланды.

03.12.2023 жылы қылмыстық іс ҚПК 45 бабы 7 б. 3т. негізінде тоқтатылған.

25.05.2023 жылы Алматы облысы Қарасай ауданында Е.Т.Алдабергенов ҚР ҚПК 128б. бойынша ұсталып, Қарағанды облысы бойынша ҚАЖД АК-159/1 мекемесіне этапталған. Тергеу әрекеттерін жүргізу үшін Е.Албергеновты Теміртау қалалық уақытша ұстау изоляторына этаппен әкелуді ұйымдастыру қажет.

#### **Тапсырма:**

1. Аталған дерек бойынша тергеушінің қызметі.
2. Жағдайға баға беріңіз.
3. Этаппен әкелу кезінде толтырылатын процессуалдық құжат .
4. Этаппен әкелуге туралы құжатқа қойылатын талаптар қандай?

### ***Есеп № 12.***

№183573031000047 қылмыстық ісін тергеу барысында, 18.02.2023 жылы А. Омаров, К. Ковалев және А. Сатов, адамдар тобы болып алдын ала сөз байласып, өмірге немесе денсаулыққа қауіпті күш қолданып, қаруды және заттарды қолданып, пайдакүнемдік ниетпен В. Цай және А.Цайды ұрлағандығы анықталды. 29.04.2023 жылы осы дерек Қарағанды қаласы ІІБ СДТБТ ҚР 125 б. 2 б. 1,3,4,7,8 т. бойынша №183510031000136 тіркелді.

Жауап алу барысында олар екеуін бір автокөліктің багажына салғандарын мәлімдеді. Сол айғақтарды тексеру үшін тергеуші айғақтарды оқиға болған жерде қарау мен нақтылау тергеу әрекетін жүргізді.

№183573031000047 қылмыстық ісін тергеу барысында, 18.02.2023 жылы А. Есенгельдинов, К. Ковалев және А. Саидов, Абай қаласы, 29 «а» тоқсан, №2 үй, №26 пәтерінде бола тұра, В. Цай және А. Цайдан аса ірі мөлшерде қорқытып алушылық жасағандығы анықталды.

**Тапсырма:**

1. Жәбірленушінің айғақтарын оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау тергеу әрекеті арқылы анықтауға бола ма?
2. Бұл тергеу әрекетінің мақсаты қандай?
3. Нақтылау барысында заттай дәлелдемелер алынса, заңды болады ма?

***Есеп № 13***

06.03.2019 жылы Киров ПБ кезекші бөліміне Қарағанды қаласы К.Жумабекова көшесі, №10 үй, №1 пәтерінде арызданушының сөзі бойынша «жер қоймада әйел адам, шақырғанға жауап қайтармайды, мәйіт деген күдік» туралы хабарламасы түсті.

ЖТТ келген кезде осы дерек расталды, 19.11.1939 ж.т. Валентина Ивановна Широкованың қинап өлтіру, дене жарақаты белгілері бар мәйіті табылды.

06.03.2019 жылы осы дерек ҚР ҚК 99 б. 1 б. бойынша СДТБТ №193571031000177 тіркелді.

**Тапсырма:**

1. Аталған дерек бойынша тергеушінің жедел тергеу тобында ұйымдастырушылық қызметі.
2. Жағдайға баға беріңіз.
3. Адам мәйіттері бойынша сараптамада қойлатын сұрақтар.
4. Мәйітті қарап-тексеру ерекшеліктері мен тәртібі.

***Есеп №14***

10.06.2018 жылы сағат 12:13–де Орталық ПБ кезекші бөліміне Қарағанды қаласы, Н.Әбдіров даңғылы, №58/2 үй, №52 пәтері мекен

жайы бойынша қинап өлтірілген белгілері бар М.П.Иванованың мәйіті табылғандығы туралы хабарлама келіп түсті.

ТЖТ келген кезде осы дерек расталды. Осы дерек Орталық ПБ СДТБТ ҚР ҚК 99 б. 2 б. 3 т. бойынша 10.06.2018 жылы №183511031001712 тіркелді. Дене жарақатының көптілігіне байланысты, мәйітті тануға ұсыну туралы хаттама жасалды.

**Тапсырма:**

1. Мәйітті қарап-тексеру рекшеліктері.
2. Тануға ұсынудың тәртібі.
3. Тануға ұсыну кезіндегі қауіпсіздік шараларын қолданудың ерекшеіктері.
4. Сарапшыға қойылатын сұрақтар.

***Есеп №15***

15.01.2019 жылы сағат 05:19-да Теміржол ПБ кезекші бөліміне О.Ю. Изотовтан арыз келіп түсті, онда 14.01.2019 жылы 20:30 сағаттан 15.01.2019 жылы 02:03 сағатқа дейін Дружба көш. 129-63 мекен-жайында бола тұра, оның қамқорындағы жасөспірім 10.04.2009 ж.т. Ангелина Юрьевна Сидоровамен жыныстық қатынасқа түскен С.В. Кузнецов және В. Осиповты қылмыстық жауаптылыққа тартуын сұрайды.

15.01.2019 жылы осы дерек ҚР ҚК 120 б. 4 б. бойынша СДТБТ №193573031000011 тіркелді.

**Тапсырма:**

1. Кәмелетке жасы толмаған тұлғадан жауап алу тәртібі, ерекшелігі.
2. Зорлау қылмысын тергеудің ерекшелігі.
3. Сараптаманың түрлерін атаныз? Сараптамада қойылатын сұрақтардың тізімі.
4. Зорлау қылмысы бойынша заттай дәлелдемелрді алудың ерекшігі.

***Есеп №16***

22.01.2019 жылы сағат 20:30 шамасында А.М.Сабилов, Қарағанды қ. 16 шағын ауданы,16 үй, 104 пәтерде бола тұра, өзінің азаматтық некедегі жұбайы Қ.М. Петрова қасақана өлім келтіруге оқталған, соның салдарынан кеуде тұсының сол жағына көптеген пышақ жарақатын келтірген.

22.01.2019 жылы аталған дерек ҚР ҚК-нің 24 б. 3б.- 99 б. 1 б. көзделген қылмыстық құрам бойынша №193570031000100 нөмірмен Қарағанды қ. ПБ Октябрь ПБ СДТБТ-ға қылмыстық іс тіркелді. Жоғарғылардың негізінде, жұмыс ауқымы үлкендігін және істі тергеу қиындылығын ескере отырып.....

**Тапсырма:**

1. Тергеуші қандай баптарға сілтеме жасап қандай шешім шығаруға құқығы бар?
2. Күдіктіден жауап алу барысында анықтауға жататын мән-жайлар.
3. Сот-медициналық сараптамада қойылатын сұрақтар.

***Есеп №17***

18.03.2019 жылы шамамен сағат 17.00 уақыт шамасында белгісіз тұлға қарақшылық жасау мақсатында, Тараз қаласы Қ.Тұрысов көшесі бойында орналасқан құрылысы аяқталмаған 7-қабатты ғимараттың ішінде бола тұра, жасы кәмелетке толмаған И.Мраковқа тиесілі 500 теңге ақшасын ашық түде жымқыру мақсатында жиналмалы пышақпен денсаулығына қауіп төндіру арқылы күш көрсетіп, шабуыл жасаған.

Бұл дерек Тараз қалалық ПД-нің СДТТБТ-не № 193571031000177 санымен тіркеліп, ҚР ҚК-нің 192 бабы 1-бөлігімен сотқа дейінгі тергеп тексеру басталған.

**Тапсырма:**

1. Жағдайға баға беріңіз.
2. Тергеушінің ұйымдастырушылық қызметі.
3. Дәлелдеме ретінде жататын қылмыстың құралы,заты.
4. Жауап алудың ерекшеліктері.

***Есеп №18***

01.02.2019 жылы Түркістан қаласы ПБ-на Түркістан қаласы 1 мөлтек ауданы № 35 үй №81 пәтер тұрғыны 03.07.2086 жылы туған Атамкулова Асель арызданып келді.

Ол өзінің арызында, 2019 жылдың 1 ақпанында сағат 09.00 мен сағат 13.05 аралығында өзінің үйінде ешкім жоқ кезде белгісіз азамат

үйіне кілтті таңдау арқылы кіріп, үйінің ішкі бөлмесінде тұрған 350 000 тұратын алтын алқаны ұрлап кеткен, аталған қылмыс бойынша елеулі материалдық зиян келтірген.

**Тапсырма:**

1. Тергеушінің оқиға болған жерге келгендегі әрекеті.
2. Кілтте ешқандай қылмыс іздері көзге көрінбесе, оны алуға құқымыз бар ма?
3. Пәтер ұрлықтары бойынша ОБЖ қарап-тексеру ерекшеліктері мен тәртібі.
4. ОБЖ қарап-тексеру хаттамасымен дәлелдемелрді алу жүргізілді ма.

***Есеп № 19***

01.01.2020 жылы Кентау қалалық ПБ КБ –не сағат 17:00 шамасында 19.09.1976 ж.т азаматша Г.Н.Никрасова жазбаша арызданды ол өз арызында оның кәмелетке толмаған 20.04.2006 ж.т. қызы Н.Н.Никрасованы 01.01.2020 ж күні сағат 16:00 шамасында Кентау қаласы Абай көшесі 14 үй 46 пәтерде яғни өз үйінде оның көршісі Кентау қаласы Абай көшесі 14 үй 44 пәтер тұрғыны 14.05.1991 ж.т азамат А.Е.Тарасов үйіне су сұрап келіп қызым үйде жалғыз екенін көріп кәмелетке толмаған қызым Н.Н.Никрасованы күштеп шешіндіріп зорламақшы болды, алайда қызым қарсылық көрсетіп қашып құтылды. Жоғарыда аталғандардың негізінде азамат Тарасовқа қатысты ҚР ҚК-нің тиісті бабымен СДТТ басталды.

**Тапсырма:**

1. Қылмыстық құқықбұзушылықты саралаңыз?
2. Тергеушінің іс-әрекеті қандай?
3. Тергеуші қандай сараптама тағайындауға міндетті ма?
4. Заттай дәлелдемелерді алу туралы қаулы құрастырыңыз.
5. Іске заңды өкіл ретінде кімді қатыстыра аламыз

***Есеп № 21***

23 мамыр 2020 жылы сағат 00.30 шамасында, Балқаш қаласы Қараменді би көшесі азамат Асқаров –өзінің үйінде отырып, мас

күйінде, пәтердің қонақ бөлмесінде, жұбайы азаматша Рахимовамен ұрыс-керіс болып, олардың арасында туындаған қарым-қатынас барысында, азаматша Рахимоваға құқыққа қарсы, қасақана, қаза келтіру мақсатында, өзінің іс-әрекетінің қоғамдық қауіптілігін сезіне отырып, қауіпті зардаптардың алдын ала болжай отырып және олардың туындауын тілей отырып, қонақ бөлмесіндегі үстелден темірден жасалған қайшыны алып, сол арқылы өзінің конструктивті нысаны бойынша зақымдаушы қасиеттері бар және өмірмен сыйыспайтын дене жарақатын келтіруге қабілетті біліп, онымен қаруланып, қасақана, жәбірленушінің өмірлік маңызды органы, сол жақ кеуде қуысының алдыңғы бетіне бір соққымен дене жарақатын келтірген, оның салдарынан азаматша Рахимова оқиға орнында қайтыс болған.

### **Тапсырма:**

1. Оқиғаға баға беріңіз.
2. Жедел тергеу тобының міндеттері мен құқықтары қандай?
3. Осы қылмысқа байланысты тағайындалатын сараптаманың түрлерін атаңыз.
4. Тергеуші қандай тергеу әрекеттерін жүргізу қажет.
5. Сот- биологиялық сараптама тағайындаудың тәртібі.

### ***Есеп № 22***

28.01.2020 жылы сағат шамамен кешкі 21.00-де Қарағанды қаласы Октябрь ауданы 12 мкр 20 үйдің алдында 12.02.1978 ж.т. азаматша Нұрбекова Айнур Болатқызы өзінің баласы 30.03.2000 ж.т. Нұрбеков Алижан Рүстемұлымен сөйлесіп тұрған кезде кенеттен бір жігіт жүгіріп келіп А.Б.Нұрбекованы итеріп жіберіп қолынан сөмкесін жұлып алып белгісіз бағытқа қарай қашып кеткен. Оған тиесілі сөмкеде Айфон-10 маркалы ұялы телефоны, құжаттары және 100 000 теңге сомасы болған.

### **Тапсырма:**

- 1.Оқиғаға баға беріңіз.
2. Жедел тергеу тобының міндеттері мен құқықтары қандай?
- 3.Тергеушінің аталған дерек бойынша қылмысты саралауы ҚР ҚК.
4. Тергеуші қандай тергеу әрекеттерін жүргізу қажет.



5. Сот- медициналық сараптама тағайындау қажет па.
6. Жауап алу барысында анықтауға жататын мән-жайлар

### ***Есеп № 23***

16.11.2018 жылы сағат 17.00 шамасында белгісіз тұлға Эңск қаласы 13-ші ықшам ауданы, 14 үй, 7 пәтер мекен-жай бойынша тұратын 18.08.1980 ж.т. Бақыт Серікқызы Жетпісоваға тиесілі «Kaspi Bank» картасына рұқсатсыз еркін түрде кіріп, картасынан 250 000 теңге сенімді теріс пайдалану арқылы жымқырған, сол себепті анықталмаған белгісіз тұлға азаматша Б.С.Жетпісоваға 250 000 (екі жүз елу мың) теңге көлеміндегі материалдық шығын келтірді.

16.11.2018 жылы аталған дерек Эңск қаласы ІІБ СДТТБТ-не №1835200310000 қылмыстық іс болып тіркелген.

### **Тапсырма:**

1. Оқиғаға баға беріңіз.
2. Тергеушінің аталған дерек бойынша қылмысты саралауы ҚР ҚК.
3. Тергеуші қандай тергеу әрекеттерін жүргізу қажет.
4. Аталған оқиға бойынша сот-сараптамасын тағайындау қажет па.
5. Жауап алу барысында анықтауға жататын мән-жайлар

### ***Есеп № 24***

2020 жылдың қыркүйек айының 30 күні сағат 14 сағат 20 минут шамасында жүргізуші А.Б.Ақылбаев мем.№999SXM, «Toyota Mark 2» маркалы автокөлікті басқарып, Октябрь қаласынан Ульянов кентіне қарай «Орынбор-Омбы» тас жолымен келе жатып, аталған жолдың 915 шақырымында жолшыбай келе жатқан автокөлікті басып озбақшы болып, жолдың қарама қарсы жағына шығып, өз жолағымен қарсы бағыттан келе жатқан Б.А.Жетпісов басқаруындағы мем.№222LXA «KIA Cerato» автокөлігімен соқтығысты.

Осы ЖКО салдарынан «KIA Cerato» автокөлігінің жүргізушісі: Б.А.Жетпісов,- алған дене жарақаттарынан қайтыс болды.

Аталған факті бойынша 30.09.2017 жылы №203532031000000 реттік санымен сотқа дейінгі тергеу басталды.

### **Тапсырма:**

1. Оқиғаға баға беріңіз.
2. Анықтаушының аталған дерек бойынша қылмысты саралауы ҚР ҚК.
3. Анықтаушы қандай тергеу әрекеттерін жүргізу қажет.
4. Аталған оқиға бойынша сот-сараптамасын тағайындау қажет па.
5. Жауап алу барысында анықтауға жататын мән-жайлар
6. Өкіл ретінде қатысудың тәртібі

### ***Есеп № 25***

2019 жылдың 25 қазанында Қарағанды қаласының ПД-нің кезекші бөліміне Астана-Қарағанды елді мекендерін қосатын М-36 (Алматы-Екатеринбург) тасжолында жол көлік оқиғасы болғандығы туралы хабарлама жіберілді. Ақпарат: мемлекеттік номері 356 ВСА 09 «Ауди» маркалы автокөлік жүргізушісі көлікті басқара алмай, қарама қарсы жол қозғалысының жолына шығып м/н 125 ІДН 09 «Тойота» маркалы автокөлігімен соқтығысқан. ЖКО нәтижесінде зардап шеккендер бар.

### **Тапсырма:**

1. Алынған ақпараттарды ескере отырып, оқиға болған жерге қарап-тексеру жүргізіңіз.

2. Оқиға болған жерді қарап-тексеру хаттамасын құрастыру. Алынған кіріспе ақпараттарды есепке ала отырып, екі жақты магистраль жол белгілерімен жабдықталған екі жолдан тұратын симуляцияны жүргізеді. Бөлу сызығын (ақ бояу) және оң және сол жақта (сары бояу) асфальттың жиегін көрсететін белгілер бар. Асфальтпен жабылған жолдың ені 6,8 м, жолдың екі жағындағы жол жиектері - саздар, ал ені 2,4 м-ден 2,6 м дейін 25 м, бұл тіректің Қарағандыдан, тас жолының оң жағында көліктің дөңгелектерінің айналмалы шиналарының көлемді іздері табылды. Қарағанды қаласының бағыты бойынша столбыдан 37 м қашықтықта және жолдың оң жақ шетінде 2,3 м қашықтықта ер адамның мәйіті жатыр.

3. Маман криминалистің міндеттерін атаңыз?

### ***Есеп № 26***

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында 31.09.2019 жылы аз. Н.Г.Тураев жарақат алған жол көлік оқиғасынан алыс емес жерде "Kia Sportage" маркалы автокөлік тің бейнебақылауы бар екендігі анықталды. Автокөлік иесі Эңск қаласының тұрғыны ҚЭУ студенті 14.01.1990 жылы туған Ли Сергей Анатольевич сұрау барысында жол көлік оқиғасын көрмегендігін, бірақ бейнебақылаудың қатты дискісін бейнежазбаны көру үшін бере алатындығын айтты.

#### **Тапсырма:**

1. Алынған ақпаратқа сәйкес аз. С.А.Лидан жауап алудың жоспарын құрастырыңыз.
2. Жол көлік оқиғасы жазылған бейнежазбаға алу жүргізіңіз.
3. Участкілік полиция инспекторының міндеттері.

### ***Есеп № 27***

11.04.2020 жылы Қарағанды ПД есірткіге қарсы күрес бөлімінің жедел уәкілі, полиция капитаны Сейдахметов А.С. интернет желісі бойынша мониторинг жүргізу барысында 09.09.1990 ж.т. азамат Аринов Серік Айдарұлының атына тіркелген «Вконтакте» ғаламтор қосымшасы арқылы есірткі заттар сатылғандығы анықталды.

Жоғарыда аталған жағдайға қатысты Сейдахметов А.С. аталған дерек бойынша АЕК-ке тіркелгеннен кейін тергеушіге тапсырылды.

Тергеушімен сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізіліміне тіркеу туралы шешім қабылданды.

#### **Тапсырма:**

1. ҚР ҚПК сәйкес СДТТБТ-не тіркеу туралы баянат құрастырыңыз.
2. Күдікті дегеніміз кім, ондан жауап алу ерекшеліктері
3. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы дегеніміз не
4. СДТТБТ (ЕРДР) тіркеудің жалпы тәртібі

### ***Есеп № 28***

2020 жылдың 22 тамыз күні Эңск қаласының тұрғына Е.П.Иванов ІІБ арызданған. Ол өз арызында Эңск қаласы Комиссарова көшесінде орналасқан Интернационал-банктен ақша қаражаттарын алу үшін барса, банк қызметкерлері 2020 жылдың 20 тамыз күні 500 000 теңге соммада ақша қаражаттарын №345345345 сетына

аударылғандығын, қазіргі кезде оның сөзінде ешқандай ақша қаражаты жоқ екендігін көрсеткен. Алайда Е.П.Иванов ешқандай ақшаны қандайда бір сөзге аудармағандығын айтып өзіне 500 000 теңге ұрланғандығын көрсеткен.

**Тапсырма:**

1. Оқиғаға баға беріңіз.
2. Тергеушінің аталған дерек бойынша қылмысты саралауы ҚР ҚК.
3. Тергеуші қандай тергеу әрекеттерін жүргізу қажет.
4. Аталған оқиға бойынша сұраныстар жіберу қажет па.
5. Жауап алу барысында анықтауға жататын мән-жайлар
6. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы дегеніміз не

***Есеп № 29***

30.09.2019 жылы сағат шамамен 17.25 те жедел іздестіру шараларын жүргізу кезінде Қарағанды қаласы Нуркен-Абдирова 25/2-65 мекен – жайының тұрғыны 1995 ж.т. аз. Кирилл Владимирович Сидоренкоға жасыл түсті, өткір иісті үш полиэтиленді пакетке оралған затты аз. Константин Сергеевич Сениннің сатқандығы анықталып, аз. К.В. Сидоренка жоғарыда аталған аттарды өз еркімен Қарағанды қаласы ІІБ ЕБҚКБ қызметкерлеріне берді.

**Тапсырма:**

1. Есірткі, психотроптық және оларға ұқсас заттармен байланысты заттарды зерттеу үшін сот- медициналық сараптама тағайындау туралы қаулы толтырыңыз.
2. Қаулыда қойылатын сұрақтарды қарастырыңыз.
3. Жеке басын тінту хаттамасын құрастыру.

***Есеп № 30***

11.11.2016 жылы 03 сағат 00 минут шамасында Ли К.Н. Қарағанды қ. Степной-1 ықшам ауданы № 46 үй 125 пәтерде бұрынғы танысы Л.Г.Лебедевпен ішімдік ішіп отырды. Ішімдік ішу барысында К.Н.Ли және Г.Л.Лебедевтың арасында дау пайда болды, өйткені И.С.Сафроноваға балағаттау сөз айтқаны үшін.

Осы сәтте К.Н.Лида Г.Л.Лебедевті өлтіруге бағытталған қылмыстық ой туды. Сол мақсатпен К.Н.Ли ас ішетін бөлмесіне барып столдың үстінде жатқан пышақты алып, зал бөлмесінде креслода отырған Г.Л.Лебедепке келіп, он қолындағы аспаздық пышағымен кеуде тусына бір лет ұрып жіберген. Г.Л.Лебедев пышақтан алған жарақатынан, жедел көмек келгенше оқиға орнында қаза тапты.

11.11.2016 жылғы №568 сот медициналық сараптама анықтамасына сәйкес аз.Г.Л.Лебедевтің өлімі кеуденің сол жақ тұсынан кіріп жүрегі, өкпе зақымдаған салдарынан болған.

**Тапсырма:**

1.Алынған ақпараттарды есепке ала отырып болған жағдайға талдау беріңіз, тексеру жоспарын құрастырыңыздар.

2.Оқиға болған жерге қарап-тексеру хаттамасын құрастырыңыздар, алынған заттай дәлелдемелерге қарап-тексеру хаттамасын құрастырыңыздар, оқиға болған жерді қарап-тексеру хаттамасының құрылымын және оны өткізудің процессуалдық тәртібін анықтаңыздар.

3.Алынған кіріспеге сәйкес қарап-тексеру еліктеуін өткізіңіздер, қарап-тексеретін пәтер бес қабатты үй жайда орналасқан, алтыншы подъездің бесінші қабатында, кіре барысында сол жағында, №125 пәтер есігі біреу, темір көзі орнатылған, қандайда бір көрінбейтін бұзулысыз, есік ойма ағылшын типтік құлыппен жабылады. Пәтер екі бөлмелі, ұйықтайтын бөлме, қонақ бөлмесі, ас ішетін бөлме және жуынатын (дәретхана) бөлме. Пәтерде жалпы тәртібі бұзылған, киімдер шашылған, шамалы қажетті жиһаздар бар. Қарап-тексеру барысында зал бөлмесінің еденінде евро ұлты ер адамның мәйіті табылды, бойы 176 см, орта денелі, шаштары сарғыш, мәйіт арқасымен жатыр, аяқтары созылған, қолдары бүктеліп кеуде тұсына қысылған. Мәйітті қарап-тексеру барысында бір пышақ кірген жарақат табылды. Әрі қарай ас ішетін бөлмесін қарап-тексеру барысында әйнектің алдында аспаздық пышақ табылды, аспаздық пышағы ұзындығы 21 см, жүзінің ұзындығы 11 см, пышақтың сабы 10 см. Пышақтың жүзінде қара-қоңыр түсті дақ бар.

### ***Есеп № 31***

28.11.2016 жылы сағат 18.00 шамасында Қарағанды қ. Құрылысшылар көшесі №123 мекен жайында П.Р.Иванов А.О.Максимовпен алдын ала сөз байласу арқылы, тергеу мен анықталмаған аз.Н тиесілі Қарағанды қ. кварталдағы 145 үйдің № 459 аймағында орналасқан құнды материалдық заттар бар екендігін, оның ішінде, темір радиаторы, сонымен қатар жоғары көрсетілген мекен жайда аз.О күзетшісінде, ақша заттары болуы мүмкін, П.Р.Иванов өзінің қылмыстық ойын жүзеге асыруға байланысты, аз.Н. күш қолдану арқылы бөтеннің мүлкін алып қоюға бағытталған мақсатта, тергеумен анықталмаған авто көлігімен №459 аймақтың территориясына келген. Көрсетілген жер бөліміне кірген кезде П.Р.Иванов, А.О.Максимовпен алдын ала сөз байласу арқылы және анықталмаған жәбірленуші Н. оларды кіргізетіндігін білген, өйткені оларды таныйтын болған, оларды өзінің бөлмесіне кіргізген. Тергеумен анықталмаған тұлға Н., бастың қарақұс жағынан ұрып дене жарақатын келтірген. Әрі қарай құралдарды қолданып, «Миф» маркалы атты темір радиаторларын ұрлап кеткен, әрқайсысының құны 40 000 тенге. Соның салдарынан аз.О., жалпы көлемде 240 000 тенге материалдық шығын келтірген.

#### **Тапсырма:**

1.Алынған ақпараттарды есепке ала отырып болған жағдайға таулдау беріңіз, оқиға орнын қарап-тексеру құрылымын және өткізудің процессуалдық тәртібін анықтаңыздар.

2.Оқиға болған жерді қарап-тексеру хаттамасын құрастырындар. Алынған заттай дәлелдемелерге қарап-тексеру хаттамасын құрастырыңыздар. Кіріспеден алынған мәліметтерге сүйене отырып Қарағанды қ. Оңтүстік-шығыс бөлімінде орналасқан есепке алу кварталы №145 үй № 459 участкесін қарап-тексеру еліктеуін жүргізу. Қарап-тексеру жүргізетін объект 2,3 метр бетон плиткаларымен қоршалған, территорияға кіру сол жағындағы темір қақпа арқылы, қарап-тексеру барысында темір қақпа ашық жағдайда. Барлық периметрі бойынша жарық шамдары орналасқан. Қарап-тексерудің негізгі объектісі болып бетоннан жасалған бір қабатты құрылыс, оған кіру екі жақты темір қақпасы арқылы, кіру барысында

территория көлемі 35x45 метр, ішінде өндіріс бөлімдер бар, сварка цехы және т.б.«Күзетшілер» бөлімін қарап-тексеру барысында, орындық, оның арқа жағында сары түсті скоч табылды. Қарап-тексеру барысында 18 саусақ іздері, скотч фрагменті, иіс іздері, тер іздері және екі пар перчатка табылып алынды.

### ***Есеп № 32***

2019 жылдың 1 қыркүйегінде сағат 8.30-да Қарағанды қаласының ПБ кезекші бөліміне С.К.Макишев азаматынан телефон қоңырауы түсті. Ол 2017 жылдың 25-ші тамызынан 31-ші тамыз аралығында шетелде болғанын айтты, сол аралықта белгісіз тұлғалар терезені бұзу арқылы Ермекова көшесінің № 104 үйінде орналасқан №24 пәтерге заңсыз кіріп мүлкін ұрлаған. Нақты қандай мүліктерді ұрлағанын толықтай білмейді, өйткені полицияның келіп бірінші кіруін күтіп отыр. Қарағанды қаласының ПБ кезекшісі телефондық хабарламаны алып жедел-тергеу тобын жоғарыда көрсетілген мекен-жайға жіберді.

#### **Тапсырма:**

1. Оқиға болған жерге қарап-тескеру хаттамасын құрастыру және оны өткізудің іс жүргізу тәртібін анықтаңыз.

2. Оқиға болған жерді қарап-тексеру тергеу әрекетіне еліктеу жүргізу. Пәтер екі бөлмелі, жататын бөлме, қонақ бөлмесі және ас ішетін бөлме. Қарап-тексеру барысында есіктерге қандай зиян келгендерін анықтау.

#### **Ескерту:**

Пәтерді қарап-тескеру барысында сервант әйнегінен және аяқ киімнің картон қорабынан бір қол саусағының ізі алынды. Орамал қорабының сыртынан екі қол саусақ іздері табылды. Шкаф есігінен екі қол саусақ іздері табылды. Иіс су қорабынан үш қол саусақ ізі табылды. (Қарап-тексеру арнайы дайындалған бөлмеде жүргізіледі).

### ***Есеп № 33***

2019 жылдың 10 қаңтарында Смирнов В.В. өзінің мекен жайында: Қарағанды қаласы, Кошанбаева көшесінде 5 үйде, өзімен

бірге тұратын И.В. Колимбет арасында дау туады. Кейін В.В.Смирновқа И.В.Колимбетті қасақана өлтіруге ой келеді. В.В.Смирнов пышақты алып И.В.Колимбеттің мойнына үш рет тығып алады. Соңғысы алған жарақаттарының салдарынан оқиға болған жерде қайтыс болады. Оқиға болған жерге шығып, тергеуші тұрғын жайды қарап-тексеруге кірісті. Орналасқан мекен-жайы: Қарағанды қаласы, Кошанбаева көшесінде 5 үйде. Үй бір қабаттық, кіретін есігі ағаш. Үйдің маңында Уют дүкені, ЖҚС «Юна» және №7 үй орналасқан.

**Тапсырма:**

1. Болған жағдайды бағалаңыз.
2. ҚР ҚПК 27-тарауының тиісті баптарын қолданып оқиға болған жерге қарап-тексеру хаттамасын құрастыру.
3. Оқиға болған жерді қарап-тексеру тергеу әрекетіне еліктеу жүргізу.
4. Оқиға болған жерді қарап-тексеру барысында міндетті түрде қатысатын адамдарды анықтаңыз.
5. Осы оқиға болған жерді қарап-тексеру барысында тергеуші нақты қандай нормативтік құқықтық актілерге сүйенуі қажет?

***Есеп № 34***

2019 жылдың 05 қазан күні Қарағанды қаласы ІІБ кезекші бөлімінен Қарағанды қаласы Университетская көшесі 28/3 орналасқан Бурабай кафесінің әкімшілігінен телефон арқылы хабарлама түскен. Бұл хабарламада 2019 жылдың 05 қазан күні сағат түнгі 12-30 шамасында Юнусов, Ботин және жеке бастары анықталмаған тұлғалар спирттік ішімдік ішкен мас күйінде, қолдарына шөлмектің сынған шыныларымен бұзақылық әрекеттер жасап дәмхананың басқа да келушілеріне күш көрсетіп балағат сөздер айтқан. Жедел тергеу тобы келгенше соңғы екі азаматты дәмхананың күзетшілері ұстап алған, ал басқада бұзақылық әрекетке қатысушылар оқиға орнынан бой тасалап кеткен.

**Тапсырма:**

1. Алынған ақпаратты есепке ала отырып тексеру іс шараларының жоспарын құрастырыңыздар.
2. Жедел- тергеу тобының құрамын анықтаңыздар.



3. ОБЖ қарап-тексеру жүргізу хаттамасын еліктеу жасау арқылы толтырыңыздар.

### ***Есеп № 35***

30.10.2019 ж. Қарағанды қ. ПБ кезекші бөліміне балықшы С.Н. Ескендіровтен хабарлама түскен, онда ол «Федоров су қоймасының» жиегінде, Қарағанды қаласында белгісіз әйелдің мәйітін тауып алған, жасы 25-30, орташа дене бітімі, қатыгездікпен өлтірген белгілерін байқаған, денесінде оқ жарақаттары байқалған. Оқиға болған жерге жедел-тергеу топ келген соң келесі анықталды: өзеннің солтүстік-батыс жағында, судан 1,5 м. аралығында сол жағына адамдар жүретін жол орналасқан жерде 25-30 жасы аралығында, белгісіз әйелдің мәйіті жатыр. Мәйіттің басы солтүстікке бағытталған, аяқтары оңтүстік жаққа бағытталған. Әйел мәйіті іш жағымен жатыр, оң қолы шамалы бүгілген, сол қолы басына қарай созылған, сол аяғы өзеннің суында жатыр, он аяғы шамалы ішке қарай бүгілген, басы оң жағына қарай бұрылған, беті құмға тиіп тұр. Мәйіттің үстінде: ақ түсті көйлек, қысқа жеңдерімен. Мәйіттің кеуде түсінде оқ-жарақаттары байқалады.

#### **Тапсырма:**

1. Түскен ақпаратқа сәйкес оқиға болған жерді қарап-тексеру хаттамасының құрылымын және оны жүргізудің процестік тәртібін анықтау.

2. Оқиға болған жерді қарап-тексеру хаттамасын құрастыру, еліктеу жасау.

### ***Есеп № 36***

11.01.2020 жылы «Заря» сауда-саттық ұйымының заңгері Энсқ қаласының ПБ-не арыз түсірген. Ол өз шағымында бұрын бағдарламашы- инженер болып жұмыс істеген А.Н.Шамилова жұмыстан шығып кеткеннен кейін, бухгалтериядағы барлық компьютердің серверінен, мекеменің барлық бухгалтерлік, қаржылық, коммерциялық қарым қатынас жасайтындар, мекеме қызметшілері туралы ақпараттарды өшіріп кеткен. Осының салдарынан ұйымның жұмысына кедергі келіп, екі ай жұмыс істей алмай шығынға түскен.

Жедел іздестіру іс шараларын жүргізу барысында А.Н.Шамилов өз үйінде отырып, интернет желісі арқылы өзі бұрын жұмыс істеген

«Заря» сауда-саттық ұйымына қасақана шығын келтіру мақсатында, ұйымның серверіне кіріп барлық ақпараттарды өшіріп тастағаны анықталды.

**Тапсырма:**

1. Тергеушінің әрекетін бағалаңыз.
2. Қарап-тексеру хаттамасын толтырыңыз.
3. Алудың процестік тәртібін анықтаңыз.
4. Айғақты заттарды алу туралы қаулы құрастырыңыз.

***Есеп № 37***

Энск қаласында «Вымпел-Ком» компаниясының №23 бұйрығына сай А.Г.Денисов осы компанияға офис маманы ретінде жұмысқа алынған. Оның негізгі міндеті сату және қызмет көрсету болып ол 2019 жылдың 1 тамыз айында жұмысқа кіріскен. Ол жұмысында компьютерлік бағдарламамен қамтамасыз ету үшін барлық ақпараттар базасына рұқсаты болып, өзінің жеке логин мен паролы болған.

Алайда А.Г.Денисов өзінің қызметін теріс пайдаланып, пайда табу мақсатында «Вымпел-Ком» компаниясының клиенттерінің жеке бастары туралы ақпараттарды таратқан.

**Тапсырма:**

1. Алынған ақпараттарды есепке алы отырып жағдайға талдау жасаңыз.
2. Бұндай жағдайда қандай процестік шешім қабылдау қажет.
3. Алғашқы тергеу әрекеттерінің жоспарын құрыңыз.
4. Алынған ақпараттарды есепке ала отырып, қылмыстық құқық бұзушылықты хабарлаған тұлғадан жауап алыңыз.

***Есеп № 37***

03.01.2018 жылы Қарағанды қаласының ПБ-на азаматша Ж.С. Қуанышбекова арызданды, ол арызында 03.01.2018 жылы сағат шамамен 17:00-де белгісіз тұлға күш қолдану арқылы оның кәмелетке толмаған қызы 08.09.2001 жылы туған Қуанышбекова Гаухар Маратқызын зорлады деп және оны қылмыстық жауаптылыққа тартуын сұрады.

Қылмыстық құқық бұзушылық болған жердің орны, уақыты және тәсілі:

Жолтаев Асылбек Жанбекұлы 03.01.2018 жылы сағат шамамен 17.00-де, Энск қаласы, Якутская көшесі, 43 үй, 42 пәтер мекен жай бойынша күш қолдану арқылы кәмелетке толмаған 08.09.2001 ж.т. Қуанышбекова Гаухар Маратқызына жыныстық қатынасқа түскен.

Күдікті туралы ақпарат: Жолтаев Асылбек Жанбекұлы, 21.07.1981 ж.т. мекен-жайы: Энск қ., Якутская көшесі, 43 үй, 42 пәтер, Қуанышбекова Гаухар Маратқызы күдіктімен Жолтаева Жансая арқылы таныс, және Жолтаев Асылбек Жанбекұлы оның ағасы болып келеді.

Келтірілген зақымның сипаттамасы: денсаулыққа зиян келтірілген. Оң жақ иықта көрнекі тексеру кезінде жұмсақ тіндердің ісінуі және дене жарақаттары бар.

Айғақ заттар: алу барысында келесі айғақ заттар: жәбірленушінің ішкі киімдері мен күдіктінің ішкі киімдері.

### **Тапсырма:**

1. Алынған ақпаратқа сәйкес тексеру кесте жоспарын құрып толтыру:

Жағдайды анықтау	Талап ететін қосымша нақтылайтын жағдайлар	Қажетті әрекеттер

2. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы жауап алу хаттамасын құрастыру.

3. Аталған қылмыс ҚР ҚК қай бабымен сараланады.

4. Прокурорды сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы туралы хабарлаудың тәртібі.

### ***Есеп № 38***

2020 жылы 05 қыркүйек күні сағат 17.00 де Энск қаласы Н.Абдирова көшесі 16 мекен – жайындағы «Астана-Қ» ЖШС на тиесілі кафе құрылысының аумағында басына арнайы қорғау бас киімін (каска) кимеген құрылысшы Мадиев Руслан Сартайұлының басына құрылыс төбесінен құрылыс заты құлап ауыр жарақат алған.

### **Тапсырма:**

1. Жағдайға баға беріңіз

2.Р.С.Мадиевті жәбірленуші ретінде тану туралы қаулы құрастырыңыз.

3. Аталаған дерек бойынша қандай сараптама тағайындалады
4. Тергеуші қандай сұраныстар мен әрекеттер жүргізу қажет.
5. ҚР ҚК қай бабымен саралануға жатады

### ***Есеп № 39***

2019 жылы 01 қыркүйек күні сағат 15.00 де Эңск қаласы Петрова көшесі-22 мекен жайында орналасқан «Халық строй» ЖШС на тиесілі 5 қабатты үй құрылысы аумағында құрылысшы 25.04.1975 жылы туған Аубакиров Қанат Рахимбекұлы арнайы сақтандырғыш құралдарын пайдаланбағандықтан аталған құрылыстың 4-ші қабатынан абайсызда жерге құлап алған жарақат салдарынан оқиға орнында қайтыс болған.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында қайтыс болған адамның жақын тусқаны оның әкесі Эңск қаласы Резника көшесі 26-5 пәтер тұрғыны 03.10.1948 жылы туған Айтуғанов Береке Мерекеұлы анықталды.

#### **Тапсырма:**

1. Жағдайға баға беріңіз
2. ОБЖ қарап-тексеру хаттамасын құрастырыңыз. Мәйітті қарап-тексеру ерекшеліктері
3. Аталаған дерек бойынша қандай сараптама тағайындалады
4. Тергеуші қандай сұраныстар мен әрекеттер жүргізу қажет.
5. ҚР ҚК қай бабымен саралануға жатады

### ***Есеп № 40***

24.05.2020 жылы сағат 19:30 шамасында, Н.К. Қанжекенов және Б.Т. Күшқаев М.Горький көшесі, 56 мекенжайы бойынша орналасқан «Пицца-Блюз» шайханасында болып, қоғамды ашықтан-ашық сыйламаудың негізінде, азамат Д.А. Әбдрахмановқа бұзақылық ниетпен, қасақана дене жарақатын салды.

Сонымен бірге, осы істегенімен қоймай, Н.К. Қанжекенов үстел үстінде жатқан пышақты алып, азамат Д.А. Әбдрахмановтың ішінен екі рет ұрған, сот-медицина сараптамасының қорытындысына сәйкес осының салдарынан жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келтірілген.

24.05.2020 жылы осы дерек Қазақстан Республикасының ҚК

293-бабының 3-бөлімі 2 тармағы бойынша Сарыағаш қаласы ІІБ сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелді.

**Тапсырма:**

1. Жағдайға баға беріңіз
2. Дәлелдеме ретінде аталған оқиға бойынша не жатады.
3. Аталған дерек бойынша қандай сараптама тағайындалады
4. Заттай дәлелдеме ретінде жататын нәрсенің алу тәртібі.
5. ҚР ҚК қай бабымен саралануға жатады

***Есеп № 41***

09.10.2020 жылы Ленгер қалалық ІІБ КБ –не сағат 20:22 шамасында 23.01.1972 ж.т азаматша А.Н.Аюбаева жазбаша арызданды ол өз арызында оның кәмелетке толмаған қызы 02.06.2005 ж.т. қызы А.Б.Талғатқызын 09.10.2020 ж күні сағат 19:00 шамасында Ленгер қаласы Базарная көшесі 43 үйде яғни өз үйінде белгісіз тұлға қызын зорлаған.Кейіннен анықталғандай Ленгер қаласы Интернациональная көшесі 11 үй 18 пәтер тұрғыны 18.07.1988 ж.т азамат Н.А.Николаев екені анықталды ол жәбірленушінің үйне газ тексеруші ретінде келіп қыздың үйде жалғыз екенін көріп кәмелетке толмаған қызын А.Н.Аюбаеваны күштеп шешіндіріп зорлаған болатын, алайда қызым қарсылық көрсетіп бірақ шамасы жетпегендіктен дәрменсіз күйде болған. Жоғарыда аталғандардың негізінде азамат Н.А.Николаевқа қатысты ҚР ҚК-нің 123 бабы 1 бөлігіне сәйкес СДТТ басталды.

**Тапсырма:**

1. Жағдайға баға беріңіз
2. Дәлелдеме ретінде аталған оқиға бойынша не жатады.
3. Аталған дерек бойынша қандай сараптама тағайындалады
4. Заттай дәлелдеме ретінде жататын нәрсенің алу тәртібі.
5. ҚР ҚК қай бабымен саралануға жатады

***Есеп № 42***

15.05.2020 жылы, Мақтаарал АІІБ-не, Жетісай ауданы, Абай а/ә Бейбітшілік ауылының тұрғыны 10.01.1975 ж.т. Танабаев Женис Жамалович арызданып келген. Ол өз арызында ,2020 жылдың мамыр

айының 09 күні сағат 17:00 шамасында, Мақтаарал ауданы, Жамбыл а/о, Жалын елді мекені, С.Абайев көшесі №32 үй тұрғыны 16.01.1982ж.т.Махатов Ақылбек куандыкович, оның Мақтаарал ауданы, Жамбыл а/о, Нуржауби көшесі №23 үйде уақытша тұрып жүрген жеріндегі қоймасының ішінен жалпы құны 58 000 теңге тұратын “Бизон” маркалы құрылғыларын жасырын түрде ұрлап, оған елеулі материалдық шығын келтіргендігін жазып көрсеткен.

**Тапсырма:**

1. Жағдайға баға беріңіз
2. Дәлелдеме ретінде аталған оқиға бойынша не жатады.
3. Күдіктіден жауап алу ерекшеліктері және жауап алу барысында анықтауға жататын мән-жайлар.
4. Заттай дәлелдеме ретінде жататын нәрсеге қарап-тексеру тәртібі.
5. ҚР ҚК қай бабымен саралануға жатады

***Есеп № 43***

19 шілде 1987 жылы Теміртау қаласының Свердлов көшесінде орналасқан мекенжайдың бір пәтерінен 1937 жылы туған ер адамның зорлық белгілерімен өлтірілген мүрдесі табылған. Жүргізілген сот-медициналық сараптамаларға сәйкес өлім кеуде тұстың тесіп кесілуі салдарынан өкпенің зақымдануынан туған екені анықталды. Оқиға орнынан 10 саусақтың ізі мен күрең түсті қан және 2 "Беломорканал" темексінің қалдығы алынған. Жұмыстан келген әйелі 1931 жылы туған азаматша қанды оқиғаның куәсі болған және түлкі терісі мен пакетте тұрған психотроптық дәрі-дәрмектің жоқ екенін көрген. Ал бұл отбасының көршісі 1963 жылы туған азаматша 19.12.1987 жылы сағат 15.30.-да жәбірленушінің белгісіз бір ер адаммен бірге көтеріліп бара жатқанын көріп қалған. Жәбірленушінің 30 жастар шамасындағы белгісіз бір адаммен бірге жүргенін 1956 жылы туған ер адамда байқап қалған. Осы қылмыстық іс бойынша сараптаманың бірнеше түрі жасалған. Саусақ іздеріне жүргізілген сараптаманың нәтижесінде 5 саусақ ізінің жәбірленушіге, 2 саусақ ізінің жәбірленушінің әйеліне, ал 2 саусақ ізі мен 1 алақан ізінің бөлігі белгісіз тұлғаға тиесілі екені анықталды. 23.12.2018 жылы қолдың саусақ іздері "Папилон" АДАЖ базасына енгізілді нәтижесінде анықталмаған қолдың саусақ іздері мен алақан бөлігінің ізі 1951 жылы туған Қаз КСР ҚК 132, 101, 202 , 214 - баптары бойынша сотты болған "В" есімді азаматтың саусақ іздеріне сәйкес келетіндігі анықталды.

Криминалдық полиция бөлімінің жеке тұлғаға қарсы жасалған қылмыстарды ашу бөлімінің тынбай жұмыс істеуінің нәтижесінде бірнеше жыл бойы ашылмай келген қылмыс ашылды. Алайда бұл оқиғаның болғанына көп уақыт өтуіне байланысты Қазақстан Республикасы ҚПК 35-бабы 1-бөлімі 4-тармағы бойынша қылмыстық іс тоқтатылды.

**Тапсырма:**

1. Жағдайға баға беріңіз
2. Тергеушінің әрекеті заңды ма.
3. Күдіктіден жауап алу ерекшеліктері және жауап алу барысында анықтауға жататын мән-жайлар.
4. Ескіру мерзімі дегеніміз не

***Есеп № 44***

20.01.2019 жылы шамамен сағат 15:00-де Нұр-Сұлтан қаласы Республика көшесі №12 уй 149 пәтерде 18.02.1972 ж.т А.А.Мырқынбаевтың ұлы 11.09.1999 ж.т. С.А.Мырқынбаев пен өзара жанжалдасу барысында баласы әкесіне пышақпен 11 рет жарақат келтірген, кейін А.А.Мырқынбаевтың денесін бөлшектеп қапқа салып тұрғын үйдін шатырына апарып тығып тастаған.

Бұл туралы тұрғын үйдін тұрғындары тұрғын үй әкімшілігіне жағымсыз иістің пайда болғандығы туралы мәлімдеп шатырды тексергенде қаптар табылды қаптарды ашу барысында адмнын дене бөлшектері екендігі анықталды. Тұрғын үй әкімшілігі дереу полиция қызметкерлеріне хабарлаған.

Жедел тергеу тобы оқиға орнына келіп қарау жүргізу барысында қаптан шатырдан табылған адамнын дене бөлшектері А.А.Мырқынбаев екендігі анықталды. А.А.Мырқынбаевты әйелі 22.01.2019 жылы жоғалып кеткендігі туралы полиция бөліміне хабарлаған болатын. Мәйітке тану жүргізу барысына А.Д.Мырқынбаева мәйіттің А.А.Мырқынбаев екендігін таныды. Тергеу жүргізі барысында баласы 11.09.1999 ж.т С.А.Мырқынбаев, А.А. Мырқынбаевты өлтіргенін мәлімдеп, қылмыс құралы ретінде пышақты ұсынды.

11.09.1999 ж.т С.А.Мырқынбаев ҚР Қылмыстық кодекстің 99 бабының 2 бөлігінің 5 тармағы бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілді.

**Тапсырма:**

1. Жағдайға баға беріңіз
2. Тергеушінің әрекеті қандай.

3. Күдіктіден жауап алу ерекшеліктері және жауап алу барысында анықтауға жататын мән-жайлар.

4. Тануға ұсыну тергеу әрекеті дегеніміз және жүргізу тәртібі қандай

### ***Есеп № 45***

24.02.2020 жылы сағат 20:00 уақытта Ақтау қ. ПБ 09.11.1976 ж.т. аз.Боранбай Құрал Бұқарбайұлы арызданды, ол өз арызында 24.02.2020 жылы сағат 11:00 уақытта 1-сынып оқитын ұлы 16.08.2013 ж.т. Бұқарбай Бекарыс Құралұлы мектептен қайтар уақытында мектепке барса, ұлының сабаққа келмегендігі туралы сынып жетекшісінен біліп, із-түссіз жоғалып кеткендігі туралы хабарлады.

#### **Тапсырма:**

1. Жағдайға баға беріңіз
2. Тергеушінің әрекеті қандай.
3. Заңды өкілінен жауап алу ерекшелігі.
4. Заңды өкіл дегеніміз кім

### ***Есеп № 46***

Қарағанды қ. №2 перзентханасында Г.К.Мұслимава босану кезінде көз жұмған. Қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында келесі анықталды: Г.К.Мұслимованың өліміне перзентхананың жұмыскерлері Б.К.Аймағанбетова, Ж.Қ.Ильясова қатысы бар, себебі Г.К.Мұслимова босану кезінде дұрыс дәрігерлік көмек көрсетпеген.

Сот-дәрігерлік сараптамасының қорытындысына сәйкес «Г.К.Мұслимованың өлімі перзентханада босану кезінде дұрыстап алғашқы дәрігерлік көмек көрсетілмеген, егер дұрыс алғашқы көмек көрсетілгенде ондай жағдай болмауы мүмкін ...».

Осыған байланысты тергеуші жоғары аталған дәрігерлерге қылмыстық істі қысқарту туралы шешім қабылдаған.

#### **Тапсырма:**

1. Жағдайға баға беріңіз, эксгумация жүргізген дұрыс па
2. Жерленген мәйітке туыстарының рұқсатынсыз эксгумация жүргізуге тергеушінің құқығы бар ма?



### 3. Эксгумациялау жүргізу туралы қаулы құрастырыңыз

#### ***Есеп № 47***

25.09.2020 ж. Қарағанды қаласы Ерубаета көшесінде орналасқан «Юна» саунасында белгісіз тұлғалар аз-ша А.Ә. Құсайнованы зорлаған.

Жауап алу барысында соңғысы былай деп көрсеткен, 25.09.2020 ж. 23:00 сағат шамасында Ерубаета көшесімен үйіне бара жатқан. Оған азият ұлтты, бейтаныс азамат жол бойы қасында жүріп, кездесіп үйіне дейін шығарып салуына өтінген. Жол бойындағы саунаға кіріп бірге алкагольдік ішімдік ішіп, саунаың ішінде болған жолдастарымен зорлаған. Белгісіз тұлғалардың түрлерін айтып бере алмаған, бірақта жігіттердің сөздері есінде қалған, ішіндегі бір жігіт ЖС «Қарағанды жылу» меңгерушісі болып істейтіндігі есінде қалған. Сонымен қоса, ол жігіттің денесінің сол жағында 5 см. пышақ суретті татуировкасы бар екендігі байқаған. Бірақ та, оны таный алмады, түрі есінде сақталмаған. Аталған жігіт саунада шамалы алкагольдік ішімдік ішкеннен кейін кетіп қалған.

Куэ ретінде «Қарағанды жылу» меңгерушісі С.М.Рахимовтан жауап алу барысында барын жоққа шығарды, ол күні саунаға болмағандығын баяндаған және оның әйелі Эльмира айта алады деген. Осыған байланысты татуировкасы бар ма, жоқ па екенін анықтау мақсатында куэландыру жүргізуге тура келді. Бірақ, куэ С.М. Рахимов оған куэландыру жүргізуіне рұқсат бермеген.

#### **Тапсырма:**

1. Аталған жағдайға талдау жасаңыз.
2. Осындай жағдайда сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізуші тұлғаға не істеуге болады?
3. Тиісті процессуалдық құжаттарды толтыру.
4. Мәжбүрлеу түрде куэландыру жүргізу туралы қаулы шығаруға болады ма?

#### ***Есеп № 48***

28 ақпан 2020 жылы сағат 20.30 шамасында аз.Е.Н.Тұраров бөтеннің мүлкін тонау мақсатында Қарағанды қ., Бейбітшілік көшесінде орналасқан «Самат» дүкен жанында болып, аз.Қ.Н.Ахметовтің денсаулығына қауіпті, қолдан жасанды шоқпарды қолдану арқылы дене

жарақатын келтірген және ашық түрде құны 18200 тенге тұратын товар материалдары болған сумкасын алып, қылмыс орынан қашып кеткен. Сонын салдарынан аз.Қ.Н.Ахметовке жоғарыда көрсетілген материалдық шығын келтірген.

**Тапсырма:**

1. Ұсынылған дерекке қылмыстық-процестік баға беріндер.
2. Сот-медициналық сараптама тағайындау туралы қаулыны құрастыру.
3. Жәбірленушіден жауап алу барысында анықтауға жататын мән жайлар.

***Есеп № 49***

30 наурыз 2019 жылы сағат 16 -20 шамасында А.С.Жантасов, өзінің жыныстық қанағаттандыру мақсатында Қарағанды қ. К.Маркс көшесінің 1 үйдің жанында, өзіне бұрын таныс емес 07.01.2010ж.т., жасөспірім Сарсенова Жанна Болатқызын кездестірді., өзінің қылмыстық ойын жүзеге асыру мақсатында, жәбірленуші Ж.Б.Сарсенованың дәрменсіз күйін пайдаланып, оны жоғарыда көрсетілген үйдің үшінші подъезіне бірге кіруге шақырған. Жәбірленуші А.С.Жантасовтың ойын білмегендіктен өз келісімін беріп, онымен бірге, жоғарыда көрсетілген подъездің 1 және 2 қабатына дейін көтерілген. Сосын А.С.Жантасов өз мақсатына жету үшін Ж.Б.Сарсеноваға өзін дәргермін деп айтып, оның дене бөлшектерін қарамақшы болған. Жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдалану мақсатында, Ж.Б.Сарсенованың шалбарын және ішкі киімін шешіп, өзінің жыныс мүшесін алып шығып мастубироват ете бастаған, содан кейін жәбірленушіні өзіне қарай арқасымен қойып оның жыныс мүшесіне өзінің мүшесін тигізген. Сол сәтте жоғарғы қабаттан 2001 ж.т., туған апасы Динара Берікқызы Сарсенова жоғарғы қабаттан түсіп келе жатқан, дауысын естіп А.С.Жантасов оны қылмыс орында көріп қалад деген мақсатта, өзінің және Ж.Б.Сарсенованың киімдерін кигізіп подъезден шығып кеткен. Бірақ оны Д.Б.Сарсенова подъезден шығып бара жатқан кісіні артжағынан ғана көріп қалған.

**Тапсырма:**

1. Ұсынылған дерек бойынша қылмыстық-құқықтық мінездеме беріндер.
2. Тергеушінің дәлелдеу затына жататын алгоритімі қандай.
3. Ұсынылған деректі есепке ала отырып қылмыстық құқық бұзушылықты саралау құқығын беріндер.
4. Сараптама тағайындау туралы қаулыны құрастырындар.

### ***Есеп № 50***

14 наурыз 2019 жылдын түн уақытында Қарағанды қ. Универсал дүкенінің орталығына орналасқан тастанды құрылыста 07.04.1995 ж.т. Иванов Сергей Иванович аз. Е.Н.Нуркеновке күш қолданамын деп қорқыту арқылы, құны 60.150 теңге тұратын «Нокиа Люмия 620», маркалы ұялы телефоның алып қойған. Соның салдарынан жоғарыда көрсетілген шығын келтірген.

Оқиға орнынан қарап-тексеру барысында ішімдік бөтелкесінен, «Парламент» марка шылым қорабынан кара-күрен түсті дақтар алынды.

Тергеуші оқиға орнын қарап-тексеру нәтижесінен кейін және жәбірленушімен еркін сөйлескенен кейін Е.Н.Нуркеновті жәбірленуші ретінде жауап алуға шешім қабылдады.

#### **Тапсырма:**

1. Ұсынылған дерек бойынша қылмыстық-процестік баға беріндер.
2. С.И. Ивановтан заттай дәлелдеме ретінде жататын нәрсеге алу жүргізу.
3. Алу жүргізу хаттамасы мен қаулысын құрастыру.
4. ҚР ҚК қай бабымен саралауға жатады.

## Өзіндік бақылау сұрақтары:

1. Қылмыстық процестік құқығының түсінігі, мәні және міндеттері.
2. Қылмыстық процестік сатыларының ұғымы мен мәні.
3. Қылмыстық процеске қатысушылар ұғымы, олардың топтары.
4. Ақтау. Қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз әрекеттерімен келтірілген зиянды өтеу.
5. Қылмыстық сот ісін жүргізудің тарихи түрлері мен нысандары. Қылмыстық процестік сатылары мен олардың жүйесі.
6. Қылмыстық процестің нысандарының дифференциациясы мен бірлігі.
7. Қылмыстық процестік нормалары: олардың түрлері мен құрылымы. Қылмыстық процестік құқықтық қайнар көздерімен ұғымы мен түрлері.
8. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестегі тергеу судьясы, және оның өкілеттіліктері?
9. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестегі жәбірленуші түсінігі, оның құқықтары және міндеттері?
10. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестегі тергеуші және анықтаушы, түсінігі және олардың өкілеттіліктері?
11. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестегі қорғаушы және түсінігі және оның өкілеттіліктері?
12. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестегі күдікті түсінігі және оның құқықтары?
13. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестегі айыпталушы түсінігі және оның құқықтары?
14. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестегі куә, қорғалуға құқығы бар куә түсінігі және оның құқықтары мен міндеттері?
15. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестегі айыпталушы, сотталушы түсінігі және оның құқықтары мен міндеттері?
16. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік міндеттеріне және қағидаттарға түсініктеме беріңіз?
17. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік мәжбүрлеу шараларының түсінігі, жүйесі және мәні.
18. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестегі бұлтартпау шараларының түсінігі, жүйесі және мәні.

19. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестегі күдіктіні ұстап алу түсінігі, негізі және мақсаты.
20. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестегі күзетпен ұстау бұлтартпау шарасын қолдану процестік тәртібі.
21. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестегі азаматтық талап түсінігі және азаматтық талап қою тәртібі.
22. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік шығындар түсінігі және процестік шығындарды өндіріп алу тәртібі.
23. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу барысында еңбекке ақы төлеу және шеккен шығыстарды өтеу.
24. Қылмыстық сот ісін жүргізудің форматы.
25. Тергеушімен қылмыстық істі аяқтау кезінде процестік шешімдердің түрлері.
26. Қылмыстық процесте қылмыстық істерді біріктіру және бөлектеу түсінігі және тәртібі.
27. Қылмыстық процестегі өзге процестік мәжбүрлеу шараларының түсінігі, түрлері және процестік тәртібі.
28. Қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз әрекеттерімен келтірілген зиянды өтеу тәртібі, түрлері және талап қою мерзімі.
29. Сот. Соттың құрамы. Соттың өкілеттіліктері.
30. Қазақстан Республикасының қылмыстық процестегі ұйқамақ бұлтартпау шарасын қолдану процестік тәртібі.
31. Қазақстан Республикасының қылмыстық процестегі кепіл бұлтартпау шарасын қолдану процестік тәртібі.
32. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді ұзу және қайта бастау тәртібі.
33. Іс бойынша сот ісін жүргізуді тоқтата тұру және сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімін ұзу.
34. Қылмыстық қудалаудан артықшылықтарымен иммунитеті бар адамдарға бұлтартпау шараларын таңдау ерекшеліктері қандай.
35. Анықтау органы және тергеу бөлімінің бастығына түсініктеме, құқықтары мен міндеттері.
36. Қылмыстық іс бойынша орны толтырылатын зиянның түрлері.
37. Қылмыстық процеске қатысушыларға қауіпсіздік шараларын қолдану мәселелері.
38. Қылмыстық-процестік нормаларының құрылымы мен түрлері.
39. Қылмыстық-процестік қағидаттардың ұғымы мен түрлері.
40. Бұлтартпау шарасының қолдануы кезінде ескерілетін мән-жайлар және оның тағайындау кезіндегі прокурорлық қадағалау.

41. Қылмыстық процесс формасы және оның түрлері.
42. Бұлтартпау шарасын өзгерту және доғару тәртібі.
43. Қылмыстық процестік функцияның ұғымы мен жүйесі.
44. Қылмыстық іс бойынша өндірісті болғызбайтын мән-жайлар.
45. Қылмыстық ізге түсуді жүргізудің ұғымы мен тәртібі.
46. Қылмыстық-процестік кепілдіктер.
47. Жеке басының бостандығын шектеумен байланысты емес бұлтартпау шаралар.
48. Қылмыстық-процестік өзге де мәжбүрлеу шаралары.
49. Қылмыстық іске қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін шаралар
50. Іс бойынша сот ісін жүргізуді тоқтата тұру негіздері.
51. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді аяқтау.
52. Қылмыстық істі жүргізуші мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар.
53. Қылмыстық процестегі сарапшы мен маманның құқықтық мәртебесі
54. Қылмыстық іс процесте ақтаудың түсінігі мен негізі.
55. Жекеше айыптау істері бойынша қылмыстық қудалаудың тәртібі.
56. Қылмыстық ізге түсудің түсінігі және нысаны.
57. Мемлекеттік құпиялармен байланысты мәліметтерді және басқа да құпиялық мәліметтерді қорғау шаралары.
58. Қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдіктіні (айыпталушыны) босату тәртібі және негізі.
59. Қазақстан Республикасы қылмыстық процестік заңнамасының әрекет ету жүйесі қандай.
60. Қазақстан Республикасы аумағында шет мемлекеттің қылмыстық процестік құқығы қалай қолданылады.
61. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуына себептер: арыз, қылмыстық құқық өз кінәсін мойындап келу; бұқаралық ақпарат құралдарында қылмыстық құқық бұзушылық туралы хабарлама; қылмыстық құқық бұзушылықтың анықталғаны туралы баянат.
62. Қылмыстық теріс қылықтар бойынша істерді жүргізудің тәртібі.
63. Жасырын тергеу әрекеттері: түрлері, шарттары, негізі, санкциялау, мерзімі және өткізу тәртібі.
64. Тұлғаны күдікті ретінде танудың түсінігі, процестік тәртібі.
65. Анықтау, алдын ала тергеу және хаттамалық нысаның аяқтау түрлері және түсінігі.
66. Алқабилер сотының түсінігі, маңызы және мағнасы.

67. Үкімнің түсінігі және маңыздылығы. Үкімнің құрылымы және мазмұны. Сот үкім шығарған кезде шешелетін мәселелері.

68. Сот үкімдері мен қаулыларын орындау сатысының міндеттері және маңызы.

69. Кәмлетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтары туралы бойынша сотқа дейінгі өндіріске қатысуының ерекшеліктері.

70. Артықшылықтары мен иммунитеті бар адамдарға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексерудің ерекшеліктері.

71. Қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекетті есі кіресілі-шығасылы күйде жасаған немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасағаннан кейін психикасы бұзылуымен ауырған адамға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында іс жүргізу ерекшеліктері.

72. Бұйрықтық іс жүргізу: негізі, мерзімі, сотқа жолдау және сотта қарастыру тәртібі.

73. Шетел азаматарына қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру тәртібі.

74. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің органдары мен нысандары.

75. Тінту және алуды процестік жүргізу тәртібі. Жеке тінтуді жүргізу ерекшеліктері.

76. Процестік келісім қабылдаудың негіздері, шарттары және ерекше тәртібі.

77. Айыптау актісімен сотқа дейінгі тергеп-тексеруді аяқтау және қылмыстық істі тоқтату негіздері, процестік тәртібі.

78. Үкімнің заңдылығы және негізділігі. Үкімнің негізділігімен ақиқаттылығымен және әділдігімен ара байланысы.

79. Соттың келіп түскен қылмыстық іс бойынша іс-әрекеті. Алдын-ала тыңдауды өткізу.

80. Жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты іс бойынша іс жүргізуді қайта бастаудың негіздері, себептері және тәртібі.

81. Кәмелетке толмаған адамды жауапқа шақырту және жауап алу ерекшеліктері

82. Артықшылықтары мен иммунитеті бар адамдарға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы тәртібі.

83. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану бойынша іс жүргізу үшін негіздер.

84. Бұйрықтық іс жүргізу: негізі, мерзімі, сотқа жолдау және сотта қарастыру тәртібі.

85. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында хаттамалық нысанда жүргізу негіздері.

86. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің мерзімі, маңызы және ұзарту тәртібі.

87. Ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып, бейнебайланыс режимінде жауап алудың (қашықтықтан жауап алу) ерекшеліктері және тергеу судьясымен жәбірленушіден, куәдан жауап алу ерекшеліктері (айғақтарды сақтауға қою).

88. Күдіктінің іс әрекетін саралауына толықтыруламен өзгерістерді енгізу.

89. Сотқа дейінгі өндірісті тоқтату бойынша тергеушінің әрекеті.

90. Басты сот талқылауың тағайындау. Басты сот талқылауың шегі.

91. Кассациялық шағымданудың заты. Кассациялық наразылықтың, шағымның мазмұны және түрлері.

92. Жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты іс бойынша іс жүргізуді қайта бастаудың түсінігі, міндеттері және маңызы.

93. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылық туралы істер бойынша қорғаушының, заңды өкілдің, педагог пен психологтың қатысуы.

94. Қазақстан Республикасының Парламентінің депутаты, Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидатқа, Қазақстан Республикасының Парламентінің депутаттығына кандидатқа, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесінің Төрағасына немесе мүшесіне, судьяға және Қазақстан Республикасының Бас Прокурорға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексерудің ерекшеліктері. Қылмыстық-процестік артықшылықтарын айыру тәртібі.

95. Қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекетті есі кіресілі-шығасылы күйде жасаған адамның қылмыстық құқық бұзушылық құқықтық жағдайы.

96. Ұстап беру туралы талаптың мазмұны мен нысаны. Ұстап беру туралы талаптың орындалу тәртібі. Берілген адамның қылмыстық жауаптылық шектері. Ұстап беруден бас тарту негіздері.

97. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздарды және хабарламаларды біріңғай сотқа дейінгі тергеп-тексерудің тізіліміне тіркедің және қабылдаудың тәртібі.

98. Алдын ала тергеу жүзеге асырылатын істер бойынша анықтау органдарының қызметі.

99. Тану үшін көрсету: түсінігі және түрлері. Тану үшін көрсету негіздері және процестік тәртібі.

100. Процестік келісім қабылдаудың шарттары, салдары, қарау және құрастыру тәртібі.



101. Айыптау актісін құру барысында тергеушінің әрекеті. Айыптау актісінің нысаны мен мазмұны. Айыптау актісіне қосымша.
102. Айыптаушыны сотқа беру және қылмыстық істі сотқа жіберу.
103. Апелляциялық қараудың нысаны, үкімге қарсылық білдіру.
104. Жаңадан ашылған мән-жайларға орай іс жүргізу. Іс жүргізуді қайта бастаудың мерзімдері
105. Кәметке толмағандар қатысты дәлелдеудің заты.
106. Дипломатиялық және консульдық иммунитеттердің ара қатынасы.
107. Есі дұрыс емес адамдарға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын дәлелдеу затының ерекшеліктері.
108. Әдеттен тыс /экстрадиционный/ күзетпен ұстау. Транзиттік тасымалдау. Заттарды беру.
109. Қарап-тексеру: түсінігі мен түрлері. Жүргізудің негіздері мен жалпы ережелері. Процестік жүргізу тәртібі
110. Куәландыру: негізі және өткізу тәртібі.
111. Эксгумация: негізі, өткізу тәртібі және санкциялау тәртібі.
112. Куә, жәбірленуші, күдіктіден жауап алу тәртібі. Күдікті, кәметке толмаған, жасөспірім, физикалық және психикалық ауытқуы бар адамдардан жауап алу тәртібінің ерекшеліктері
113. Беттестіру. Түсінігі, негізі және өткізу тәртібі.
114. Айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылау және тергеу эксперименті өткізу процестік тәртібі.
115. Тінту және алуды процестік жүргізу тәртібі. Жеке тінтуді жүргізу ерекшеліктері.
116. Үлгілерді алу: негізі және жүргізу тәртібі.
117. Сот сараптамасын жүргізу тәртібі мен негізі.
118. Күдіктіні, айыпталушыны іздестіруге жариялаудың түрлері мен процесуалдық тәртібі.
119. Тұлғаны күдікті ретінде танудың процестік тәртібі.
120. Процестік келісім қабылдаудың негіздері, шарттары және ерекше тәртібі.

## Өзіндік бақылауға арналаған тест сұрақтары

### *1.Күдікті дегеніміз...*

- Өзіне қатысты күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы шығарылған тұлға.
- Қайталап қылмыс жасаған тұлға.
- Қылмысқа куә болған тұлға.
- Кез келген тұлға.
- Қылмыс жасауға бейім тұлға.

### *2.Сотқа дейінгі тергеп-тексеру тінтудің мақсаты...*

- Құрамында есірткі заты бар шикізатты анықтау.
- Өсімдіктерді анықтау.
- Құрамында есірткі заты бар есірткіні анықтауға болмайды.
- Дұрыс жауап жоқ.
- Есірткі затын жасыру.

### *3.Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде қылмыстық іс бойынша дәлелдемелердің шынайылығы келесіге байланысты...*

- Тергеу әрекеттерін заңға сәйкес жүргізілуіне.
- Қорғаушының тергеу амалдарына қатысуына.
- Тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде бейнежазбаны пайдалануына.
- Нақты деректердің шындыққа сәйкестігіне.
- Куәгерлердің тергеу іс-әрекеттеріне қатысуына.

### *4.Сотқа дейінгі тергеп-тексеру сонында тергеуші және қылмыстық процеске қатысушыларды қылмыстық іс материалдарымен таныстыру барысында қандай құжат толтырылады...*

- Хаттама.
- Хабарлама.
- Шешім.
- Анықтама.

### *5.Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде жауап алу басталғанға дейін жәбірленушінің қандай тілде дәлелдеме беретіндігі анықталуға жатады ма...*

- Анықталады.
- Жауап алу тек мемлекеттік тілде жүргізіледі.
- Жауап алу тек қана орыс тілінде жүргізіледі.
- Алдын ала тергеу органының қалауы бойынша.

-Барлық жауаптар дұрыс.

6.Сараптама объектілері болып табылмайды...

- Аталғандардың барлығы сараптама объектілері болып табылады.
- Заттай дәлелдемелер.
- Адамның психикасының жай-күйі.
- Мәйіттер.
- Қылмыстық істің материалдарындағы мәліметтер.

7.Қазақстан Республикасында қылмыстық сот өндірісінің тілі...

- Мемлекеттік және орыс тілі.
- Ұлтаралық қатынас тілі ретінде орыс тілі.
- Мемлекеттік тілі, ал қажет болған жағдайда мемлекеттік тілде орыс тілі немесе басқа тілдер қолданылады.
- Процеске қатысушылардың басым көпшілігі сөйлейтін тіл.
- Ауданның (қаланың, облыстың) тұрғындарының көпшілігі.

8.Төмендегі тұлғалардың қайсысы процесстік мәжбүрлеу шараларын қолдануға рұқсат етуге құқылы...

- Прокурор, сот.
- Ішкі істер басқармасының бастығы.
- Сарапшы.
- Сот.
- УҰИ және ҰБ бастығы.

9.Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды ұстау құқығы...

- Барлық жауаптар дұрыс.
- Жәбірленуші.
- Кәсіпорындардың, мекемелердің лауазымды тұлғалары.
- Қоғамдық ұйымдардың лауазымды тұлғалары.
- Кез келген азамат.

10.Күдікті мен жәбірленушінің жауаптарының арасында қарама-қайшылықтар болған жағдайда жүргізілетін тергеу әрекеті...

- Беттестіру.
- Куәлардан жауап алу.
- Сот сараптамасын тағайындау.

- Құжаттарды алу.
- Тергеу эксперименті.

*11.Қылмыстық іс бойынша қандай жағдайда, кешенді сараптама тағайындалады...*

- Зерттеуге әртүрлі білім салалары қажет болса.
- Тергеуші сарапшының қорытындысына күмәнданса.
- Адамның мәйіті зерттеу объектісі болып табылса.
- Иістер зерттеу объектісі болып табылса.
- Аса ауыр қылмыс жасалса.

*12.Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде, заттарын мөлшерден тыс пайдаланып қаза тапқан мәйітті сырттай қарап-тексеру кезінде кімнің қатысуы міндетті болып табылады...*

- Дәрігер және сот медицинасы саласындағы маман.
- Қаза тапқан кәмелетке толғандардың туған-туыстары.
- Әкімшіліктің жергілікті өкілі.
- Қорғаушы.
- Санитарлық-эпидемиологиялық станциясының өкілі.

*13.Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде дәлелдемелер ретінде қандай деректер танылмайды...*

- Барлық жауаптар дұрыс.
- Қинау, күш қолдану, қорқыту, алдау, сол секілді өзге де заңсыз іс-әрекеттер.
- Іс жүргізу әрекетіне қарсылық білдіруге жататын адамның әрекеті.
- Іс жүргізу әрекетінің тәртібін елеулі түрде бұзу.
- Қазіргі заманғы ғылыми білімге қарсы әдістерді қолдану барысында.

*14.Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің жұмыс кезеңі болып не саналады...*

- Объектіні қарап-тексеру.
- Шолу мақсатындағы жерлерге бағыттау.
- Хаттаманы толтыру.
- Қарап тексерудің шекарасы болып саналатын жер.
- Заттай дәлелдемелерді буып тую.

*15.Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде қылмыстық іс бойынша қай кезден бастап құжаттар мен нәрселер заттай дәлелдеме болып табылады...*

- Заттай дәлелдеме ретінде танығаннан бастап.

- Қылмыс жасау салдарынан бастап оның қасиеттері өзгерген сәттен бастап.
- Табылған кезден бастап.
- Табылған затты қараудан бастап.
- Сараптама жүргізгеннен бастап.

*16.СДБТ-ға тіркеу қандай қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бойынша тіркеледі...*

- Объект, объективтік жағы, субъект, субъективтік жағы.
- Қоғамдық қауіпсіздік.
- Кінәсі бойынша.
- Жазалау реті.
- Ашылуы бойынша.

*17.Қарап тексеру барысында мамандар қатыса алады ма...*

- Қатысады
- Мүмкін ,егер кезекші маманның жағдайы нашар болса.
- Мүмкін, ПО-да криминалист-маманның жоқтығына байланысты.
- Мүмкін,тергеушінің нұсқауы бойынша.
- Мүмкін,егер ол оқиға болған жерге жақын болса.

*18.Қандай құжатта оқиға болған жерді қарап-тексеру барысы және нәтижелері толтырылады...*

- Оқиға болған жерді қарап-тексеру хаттамасы.
- Алу туралы хаттамасы.
- Тінту.
- Сот медициналық сараптама тағайындау туралы қаулы.
- Айғақ заттарды қарап тексеру.

*19.Қандай жағдайда қарап-тексеруге жататын адамның мәйіті міндетті түрде суретке түсіріледі...*

- Барлық жағдайларда фотоға түсіріледі.
- Аса қатыгездікпен өлтірілген.
- Зорлаумен байланысы бар кісі өлтіру.
- Өзіне өзі қол салу.
- Қайтыс болған адамның жеке басы анықталмаған кезде.

*20.Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде жауап алудың нәтижесі қандай құжатта көрсетіледі...*

- Хаттамада.
- Анықтамада.

- Қаулыда.
- Түсініктемеде.
- Қолхатта.

*21.Күдікті бұл...*

- Өзіне қатысты күдікті ретінде тану туралы қаулы шығарылған тұлға.
- Жәбірленуші көрсеткен тұлға.
- Қылмысқа куә болған тұлға.
- Кез келген тұлға.
- Қылмыс жасауға бейім тұлға.

*22.Беттестіру қандай жағдайларда жүргізіледі...*

- Бұрын жауап алынған екі адам арасында, егер олардың айғақтарында елеулі қайшылықтар болса, осы қайшылықтардың себептерін анықтау үшін жүргізіледі.
- Қорғаушының қатысуы қажеттілігін анықтау үшін жүргізіледі.
- Адамның жеке басын, аты жөнін анықтау үшін жүргізіледі.
- Адамды тану үшін жүргізіледі.
- Айғақты заттардың тағдырын шешу үшін жүргізіледі.

*23.Алдын ала тергеудің мерзімі қандай...*

- 2 ай.
- 1 ай.
- 3 ай.
- 4 ай.
- 6 ай.

*24.Күдіктіге қатысты күзетпен ұстау бұлтартпау шарасының мерзімі қандай...*

- 2 ай.
- 30 тәулік.
- 8 ай.
- 1 ай.
- 6 ай.

*25.Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде күштеп әкелуде қандай процесстік құжат толтырылады...*

- Қаулы.
- ҚР ҚПК бұл жайлы айтылмаған.
- Ұсыныс.
- Бұл шешім артық.

-Хаттама.

*26.Зорлау мен зорлық-зомбылық әрекеттерінің арасындағы айырмашылық белгілері неде...*

- Қылмыстардың объективтік жағы.
- Қылмыстардың субъективтік жағы.
- Қылмыстардың субъектісі.
- Қылмыстардың объектісі.
- Көңіл күйінің болмауы.

*27.Жәбірленушінің еркін әсер ететін құқыққа қарсы мәжбүрлеу дегеніміз...*

- Жәбірленушінің тәуелділігін өзге де немесе мүлікті алып қоюға немесе зиян, жою, қорқыту бопсалау жолымен, сондай ақ ,материалдық пайдалана отырып.
- Әудемен және көндірумен.
- Күш қолдану жолымен.
- Уәде арқылы немесе өзге де игіліктер (ақша, сыйлықтар, қызмет бойынша көтеру, тұрғын үй беру т. б.).

*28.Куәгер бола алады...*

- Іс әрекеттерді толық және дұрыс қабылдауға қабілеті бар азаматтар.
- Кез келген тұлғалар.
- Тек қана сол іске қатысы бар тұлғалар.
- Құқық қорғау орган қызметкерлері.
- Тұған туыстар.

*29.Денсаулыққа қасақана зиян келтірген кезде тергеп-тексеру барысында қандай сараптама тағайындалады...*

- Жәбірленушіне сот-медициналық сараптама.
- Сот-қолжазба сараптамасы.
- Сот-салыстыру сараптамасы.
- Сот-техникалық сараптама.
- Сот трасологиялық.

*30.Қандай жағдайда кешенді сараптама тағайындалады...*

- Қажетті қортынды алуға әртүрлі сала білімі қажет.
- Тергеуші сарапшының қортындысына күманданған жағдайда.
- Зерттеу объектісі болып құжаттар болған жағдайда.

-Тергеуші сараптама жүргізу барысына қатысу туралы жоспарлаған жағдайда.

-Ерекше ауыр қылмыстарды тергеу жағдайында.

*31. Арызды немесе хабарды СДТТБТ тіркемей тергелуі бойынша жіберіледі...*

-Қылмыстық бұл ауданнан тысқары жерде жасалынса.

-Егер жәбірленуші басқа ауданда тұрса.

-Егер қылмыс басқа ауданда басталған болса.

-Егер де жеке тәртіппен қудалауға түскен арызда жасалған қылмыстың белгілері бар болса.

-Тергеу бөлімінің бастығының рұқсатымен жіберіледі.

*32. Тергеу әрекеттерін жүргізген кезде неше куәгер (кем дегенде) қатысуы керек...*

-Екеуден кем емес.

-Біреуі жеткілікті.

-Кем дегенде үшеуі.

-Заңмен куәгерлер қаншалықты болуы анықталмаған.

-Кем дегенде алтау.

*33. Қылмыстық процесте жедел-ізвестіру қызметінің материалдарын қолдануға болады ма...*

-Иә, егерде олар заңның талаптарын сақтап алынған болса және де ҚР-ның ҚПК ережелеріне сәйкес қолданылса.

-Жоқ.

-Болады, тек қана бағдарлаушы мәлімет ретінде.

-Болады, оны алудың барлық жағдайына қарамастан.

-Бұндай әрекеттер азаматтардың құқығын бұзады және де мүлдем жүргізілмеуі керек.

*34. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы өтінішті қабылдаудан бас тартуға қандай жағдайда жол беріледі...*

-Жол берілмейді.

-Қылмыстық іс-әрекет басқа органның аумағында жасалған жағдайда.

-Толық мәліметтер болмағанда.

-Жасалған іс-әректің онша мәні болмағанда.

-Қылмыстың құрамы болмаса.

*35. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында сараптама қортындысымен кім танысуға құқылы емес...*

-Куә.



- Жәбірленушінің өкілі.
- Күдікті.
- Азаматтық талапкер
- Қорғаушы

*36. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы себеп болып табылмайды...*

- Анонимді арыздар.
- Кінәсін мойындап келу.
- Азаматтардын ауызша берген арызы.
- Бұқаралық ақпараттар құралдарындағы ақпараттар.
- Баянат.

*37. Қылмыстық іс жүргізулік нысан, бұл...*

- Тергеулік және соттық әрекеттердің орындалуының реті.
- Дәлелдемелерді жинау бойынша тергеуші мен анықтаушының қызметі.
- Қадағалауды жүргізу бойынша прокурордың қызметі.
- Алдын-ала тергеу өндірісінің жалпы реті.
- Барлығы дұрыс.

*38. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілетін жер...*

- Қылмыстық құқық бұзушылық жасалған жерде.
- Айыпталушы тұратын жерде.
- Тергеу әрекеттері жүргізілетін орын.
- Соттық сараптама өткізу жері.
- Қылмыстық құқық бұзушылық жазаны орындау орны.

*39. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында куәден жауап алу кезінде, не толтырады...*

- Хаттама толтырады.
- Қаулы мен хаттама толтырады.
- Қаулы толтырады.
- Сараптама туралы қаулы толтырады.
- Түсініктеме алынады.

*40. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатылары...*

- Қылмыстық іс жүргізу барысында реттеліп іске асырылатын әрекеттер.
- Қылмыстық іс қозғаудан бас тартудағы реттеліп іске асырылатын әрекеттер.

- Бұлтартпау шарасын қолданудағы реттеліп іске асырылатын әрекеттер.
- Істі сотта қарау кезіндегі реттеліп іске асырылатын әрекеттер.
- Жазаны өтеу барысындағы реттеліп іске асырылатын әрекеттер.

*41.Алдын ала тергеу барысында қылмыстық процестік заңының талаптарына елеусіз қателіктер жіберуге бола ма...*

- Жіберуге болмайды.
- Қажеттілік туғанда жіберуге болады.
- Талаптардың бұзылуы мүмкін, егер ол тергеу жүргізуді тездетуге мүмкіндік берсе.
- Экстремалдық жағдайларда ғана талаптардың бұзылуы мүмкін.
- ҚПК-нің талаптары тек қана прокурордың санкциясымен бұзылуы мүмкін.

*42.Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында қатысушылардың әлде-біреуіне күш көрсету әрекеті шараларын қылмыстық процесте қолдануға болады ма...*

- Күш көрсету әрекеті шараларын қолдануға болмайды.
- Күш көрсету әрекетінің шаралары қажет болған кезде прокурордың келісімімен куәгер мен жәбірленушіге қолданылады.
- Процестік қатысушылардың бәріне қолданылуы мүмкін.
- Күш көрсету әрекетінің шаралары күдіктілер мен айыпталушыларға қолданылуы мүмкін.
- Күш көрсету әрекетінің шаралары прокурордың келісімімен немесе соттың шешімімен дәлелдемелерді алудан басқа да амалдары біткен кезде қолданылуы мүмкін.

*43.Төменде көрсетілгендердің қайсысы кінәсіздік презумпциясына жатқызылмайды...*

- Тұлға ұсталған сәттен бастап кінәлі деп танылады.
- Әрқайсысы кінәлі емес болып саналады, әзірше заңдық күшіне енген соттық үкімі анықталғанша және қылмыстық іс жүргізу заңымен қарастырылған тәртіппен оның кінәлілігі дәлелденбесе.
- Ешкім өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес.
- Айыпталушының кінәлі екендігін жоюға болмайтын күдіктінің, айыпталушының пайдасына жүзеге асырылады.
- Айыптау үкіміне болжау негіз бола алмайды және ол жеткілікті нақты дәлелдемелердің жиынтығымен расталуы керек.

*44. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталған сатысында айыптау тараптарының субъектілерінің толық тізімін көрсетіңіз...*

-Қылмыстық қудалау органдары, жәбірленуші, жекеше айыптаушы, азаматтық талапкер.

-Сот және қылмыстық қудалау органдары.

-Анықтау органы және жедел уәкіл.

-Сот, прокурор және анықтау органы.

-Анықтау органының бастығы, тергеу бөлімінің бастығы, тергеуші және анықтаушы.

*45. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында күдікті (айыпталушы) айғақ беруден бас тартуға құқылы ма...*

-иә, құқылы.

-Аудан прокурорының рұқсатымен.

-Тергеу бөлімінің бастығының рұқсатымен.

-жәбірленуші келісімімен.

-тергеушінің қарауында.

*46. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында заңдылықты қадағалауды жүзеге асыру кезінде прокурор құқылы емес...*

-Күзетпен ұстау бұлтартпау шарасына санкция беруге.

-Сараптама тағайындауға.

-Тергеу іс-әрекеттерін жүргізуге.

-Алдын-ала тергеуді жүргізуге.

-Бұлтартпау шарасын қолдануға.

*47. Күдікті ретінде танылмайды...*

-Егер тұлғадан қорғануға құқығы бар куә ретінде жауап алынса.

-Күдікті ретінде тану туралы қаулы шығарылған.

-Қылмысты теріс қылық бойынша күдікті ретінде жауап алынған.

-ҚР ҚПК 131–бабы бойынша ұсталынған.

-Өзіне қатысты күдікті ретінде саралау туралы қаулы шығарылған тұлға.

*48. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында қатысушылардың қайсысы қорғану қызметін атқармайды...*

-Куәгер.

-Күдікті.

-Айыпталушы.

-Қорғаушы.

-Жәбірленуші.

*49.Тергеуші—ол мыналарды жүзеге асыруға өкілетті лауазымды тұлға...*

- Өз құзіреті шегінде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізуге.
- Жедел-ізвестіру қызметін.
- Сот әділдігін.
- Қадағалауды.
- Қорғау мен өкілділікті.

*50.Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында жәбірленуші деп қай сәттен бастап ие болады...*

- Оған қылмыспен келтірілген моральдық, дене және мүліктік зиян.
- Тергеушіге шақырылған адам.
- Сот отырысына шақырылған адам.
- Қылмыс жасағаны жөнінде арызбен сотқа шағымданған адам.
- Оған қатысты қылмыстық қудалау жүргізіліп жатқан адам.

*51.Қылмыс туралы арызды немесе хабарды СДТТБТ тіркемей тергелуі бойынша жіберіледі...*

- Кейінге қалдыруға болмайтын тергеу іс-әрекеттерін жүргізе отырып, бес күннен кешіктірмей тергелуіне байланысты жіберіледі.
- Егер жәбірленуші басқа ауданда тұрса.
- Қылмысердің тұрғылықты мекен жайында.
- Егер де жеке тәртіппен қудалауға түскен арызда жасалған қылмыстың белгілері бар болса.
- Куәлардың рұқсатымен жіберіледі.

*52.Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы хабарды, өтініштерді тіркеу кітабына кім тіркейді...*

- Жедел кезекші.
- Жедел кезекшінің көмекшісі.
- Кезекші анықтаушы.
- Кезекші прокурор.
- Кезекші жедел уәкіл.

*53.Қылмыстық іс материалдары бойынша жәбірленуші туралы мәліметтер алуға шек қойылады-...*

- Болады, куәгердің өтініші бойынша оған қауіпсіздікті қамтамасыз етуді жүзеге асыру мақсатында.
- Жоқ, болмайды, ол жариялық принципіне қарама-қайшы келеді.
- Болады, бірақ алдын-ала тергеу кезінде, сотта оны болдырмайды.

- Жоқ, болмайды, себебі барлық қылмыстық іс материалдарымен.
- Бок, болмайды, өйткені куәгер қылмыстық процестің негізгі қатысушысы болып табылмайды.

*54. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде адамға қатысты қауіпсіздік шараларын қолдану үшін не негіз болып табылады...*

- Адамның жазбаша және ауызша арыздары.
- Адамның жазбаша арызы.
- Қылмыстық іс жүргізуші органның жеке бастамасы.
- Адамның ауызша арызы.
- Қорғаушының өтініші.

*55. Тергеуші іс бойынша заңды өкілі ретінде кімдерді таный алады...*

- Аналары, асырап алушылары, қамқоршылары немесе ұйымдардың өкілдері.
- Зайыбы.
- Достары.
- Бастықтары.
- Ата-әжесі.

*56. Қылмыстық іс жүргізуде жәбірленуші деп танылады...*

- Қылмыстық іс жүргізуші орган тиісті қаулы шығарғаннан бастап.
- Зиян келтірілген сәттен бастап.
- Сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған сәттен бастап.
- Қорғаушы тиісті қаулы шығарған сәттен бастап.
- Келтірілген зиянның жағымсыз зардаптары келген сәттен бастап.

*57. Куә-бұл...*

- Іс үшін маңызы бар мән-жайларды білетін кез келген адам.
- Қылмысты көрген адам.
- Іс үшін маңызы бар мән-жайларды білетін мүдделі емес адам.
- Қылмысты көрген жасы кіші емес кез келген есі дұрыс адам.
- Іс бойынша сарапшы, маман, аудармашы ретінде түспейтін мүдделі емес адам.

*58. Тергеуші прокурордың нұсқауына шағымдана ала ма...*

- Келіспеген жағдайда жоғары тұрған прокурорға шағымдануға құқылы.
- Жоқ, шағымдана алмайды, прокурор қашан да дұрыс.
- Шағымдана алады, егер оған тергеу бөлімінің бастығы рұқсат берсе.

- Шағымдана алады, егер тергеуші мен прокурордың қарым-қатынасы нашар болса.
- Шағымдана алады, тек қана ол қамауға алу бұлтартпау шарасына қатысты болса.

*59.Күдікті ретінде ұстау негіздері болып табылады...*

- Ол адамда қылмыстың нақты ізі табылса.
- Күмән туғызу.
- Тергеушінің ішкі сезімі.
- Терегеу бөлімі бастығының бұйрығы.
- Жоғарыда көрсетілгеннің бәрі.

*60.Сотқа дейінгі тергеп-тексерудегі дәлелдеме көздері...*

- Куәнің, жәбірленушінің, күдіктінің, айыпкердің жауаптары, сарапшының қорытындысы.
- Азаматтардың арыздары.
- Лауазымды адамның хабарлауы.
- Айыптау қорытындысы.
- Үкімдер, қаулылар.

*61.Қылмыстық іс бойынша қандай жағдайда кешенді сараптама тағайындалады...*

- Басқа саладағы зертеулей қажет болған жағдайда.
- Тергеуші сарапшының қорытындысына күманданған жағдайда.
- Адам мәйтін зерттеу объектісі.
- Иістерді зерттеу объектісі.
- Аса ауыр қылмыс жасағанда.

*62.Қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексерудеггі дәлелдеу заты...*

- Әрбір қылмыстық іс бойынша міндетті түрде анықталатын мән-жайлардың жиынтығы.
- Қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер көлемі.
- Қылмыс қаруы, қол сұғу объектісі.
- Қылмыстық қудалау және сот анықтайтын бағалау ұғымы.
- Жан-жақтылық, толықтық және объективтілік.

*63.Түскен арызда, хабарламада әкімшілік құқық бұзушылық немесе тәртіптік теріс қылық туралы мәліметтер болған жағдайда, қылмыстық қудалау органы не істеу керек...*

- Үш тәулік ішінде жолдау хат арқылы уәкілетті мемлекеттік органдарға қарау үшін жіберілед немесе лауазымды тұлғаға.
- Хабарламаны тіркеп тергеп-тексеру жүргізуді бастау керек.
- Ештеме қолданбау керек.
- Уәкілетті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды тұлғаға, адамды әкімшілік немесе тәртіптік жауапқа тарту туралы ұсыным жолдау.
- Тергеулік аймақтық ретті бойынша органға жолдау.

*64. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында куәнің айғақ беруі бұл-...*

- Жауап алу барысында қылмысты көрген адамнан жазбаша немесе ауызша хабарлаған мәлімет.
- Күдіктінің мәліметтері.
- Дұрыстығы нотариуспен расталған мәлімет.
- Арызданушының берген мәлімет.
- Өтініштерде, шағымдарда мазмұндалған мәліметтер.

*65. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында істің мән-жайын зерттеу қалай жүргізілуі керек...*

- Жан жақты, толық, объективті.
- Тергеушінің ішкі сенімі бойынша.
- Прокурордың қадағалауында.
- Соттың қарауында.
- Жоғарыда аталғанның бәрі.

*66. Алдын ала тергеу кезінде тұлға заңмен айқындалған жақын туыстарына қарсы айғақтар беруге бас тартса, жауапқа тартылады ма...*

- Қандай да болсын жауапқа тартылмайды.
- Иә, әкімшілік жауаптылыққа тартылады.
- Иә, қылмыстық жауаптылыққа тартылады.
- Айыппұл салынады.
- Жұмысына хабарлайды.

*67. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы дәлелдемелер ол...*

- Заңды түрде алынған іс жүзіндегі іс бойынша дәлелдемелер.
- Деректер және деректер туралы мәліметтер.
- Қылмыстық әрекеттерді деректері туралы мәліметтер.
- Өтіп кеткен деректер, қылмыс туралы мәлімет.
- Заңмен белгіленген деректер.

*68.Алдын ала тергеу кезінде қорғаушы қай кезден бастап іс жүргізуге қатысуға жіберіледі...*

- Күдіктіні ұстап алған сәттен бастап.
- Айыпталушы ретінде тарту туралы қаулы шығарған кезден бастап.
- Басты сот талқылауы аяқталған соң.
- Анықтау аяқталған соң.
- Сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталған соң.

*69.Қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында қай сәттен бастап тұлға жәбірленуші атанады...*

- Қылмыстық іс жүргізуші орган тиісті қаулы шығарған сәттен бастап.
- Зиян келтірілген сәттен бастап.
- Қылмыстық іс қозғалған сәттен бастап.
- Қорғаушы тиісті қаулы шығарған сәттен бастап.
- Келтірілген зиянның жағымсыз зардаптары келген сәттен бастап.

*70.Алдын ала тергеу кезінде куә – бұл...*

- Іс үшін маңызы бар мән-жайларды білетін кез келген адам.
- Қылмысты көрмеген адам.
- Іс үшін маңызы бар мән-жайларды білетін мүдделі емес адам.
- Қылмысты көрген жасы кіші кез келген есі дұрыс адам.
- Іс бойынша сарапшы, маман, аудармашы ретінде түспейтін мүдделі емес адам.

*71.Қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізуді болғызбайтын мән-жайлар...*

- Егер рақымшылық жасау актісі жасалған іс-әрекет үшін жаза қолдануды жойса, соның салдарынан, қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімінің өтуіне орай.
- Егер тұлғаның бірнеше ауыр қылмыс жасағандығына дәлелдемелер болса.
- Коммерциялық немесе өзге де ұйымның басшысы адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту туралы арызды кері қайтарып алмаса.
- Адамның жұмыс істейтін, тұратын жері бойынша жазбаша хабарлама жолданса.
- Соттылығы болмаса.

*72.Тергеу кезінде қандай себептермен кешенді сараптама тағайындалады...*



- Басқа саладағы зертеулей қажет болған жағдайда.
- Тергеуші сарапшының қортындысына күманданған жағдайда.
- Адам мәйтін зерттеу объектісі.
- Иістерді зерттеу объектісі.
- Аса ауыр қылмыс жасағанда.

*73. Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру тәртібімен аяқталған, қылмыстық іс қандай процессуалдық құжатпен...*

- Айыптау актісімен.
- Қаулымен.
- Айыптау қортындысымен.
- Күдіктінің іс әрекетін саралау қаулысымен.
- Хаттамамен.

*74. Күдікті дене жарақатын алған жағдайда тергеуші қылмыстық істі тоқтау үшін қылмыстық-процестік қандай негізіне сүйенеді...*

- Қылмыс оқиғасының болмауы.
- Қылмыс құрамының болмауы.
- ҚР ҚК жағдайына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату.
- Қажетті қорғану.
- Жәбірленушінің өтініші болмауы.

*75. Ересектермен бірге қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысқан кәмелетке толмағандар іс бойынша қандай шешімдер қолданылады...*

- Сотқа дейінгі тергеп-тексеру өндірісінде жеке бөліктенеді
- Барлық қатысушыларға жалпы тәртіп бойынша жүзеге асады
- Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында тоқтатылад
- Теріс қылы істер бойынша өндірісінің тәртібі қолданылад
- Жәбірленушінің өтініші болмауы.

*76. Кәмелетке толмағандарға қылмыстық іске қай уақыттан бастап қорғаушы қатысады...*

- Кәмелетке толмағаннан күдікті ретінде бірінші жауап алу кезінде.
- Кәмелетке толмаған қылмыстық құқық бұзушылық жасағандығы туралы ақпарат түскен сәттен бастап.
- Қылмыстық құқық бұзушылық кәмелетке толмаған жасағандығы анықталған кезден бастап.
- Қылмыстық іс аяқталғандығы туралы жариялау.
- Қылмыстық іс материалдарымен танысу туралы құқығын түсіндіру.

*77. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің Біріңғай тізіліміне тіркеу тәртібі кіммен анықталады...*

- Бас прокурормен.
- Аудан прокурорымен.
- Аудан сотымен.
- Ішкі істер Министірімен.
- Ішкі істер Департамент бастығымен.

*78. Сотқа дейінгі жеделдетілген тексеру өңдірісінің мерзімі қандай...*

- 15 тәулік.
- 10 тәулік.
- 2 ай.
- 20 тәулік.
- 30 тәулік.

*79. Тергеуге қарсылық ету...*

- Өділ шешім қабылдауға, объективті ақиқаты анықтауға бағытталған әрекеттерге қасақана кедергі жасау.
- Тергеушінің релеватный ақпараты дұрыс.
- Қылмыстық іс бойынша процессуалдық шешім негіздеу.
- Қылмыстық іс бойынша тергеуші негізсіз шешім қабылдау және релеваттық ақпаратты дұрыс бағаламау, адастыру.
- Қылмыстық іс бойынша тергеуші негізсіз процессуалдық шешім қабылдау.

*80. Күзетпен ұстау бұлтартпау шарасы қолданған кезде күдіктілерге жалпы тәртіп бойынша қайда ұсталынады...*

- Тергеу изоляторларында.
- Уақытша ұстау изоляторларында.
- Уақытша адаптация және ақтау орталығында.
- Тергеушінің кабинетінде.
- Прокурормен, тергеушімен анықталған орында.

*81. Қылмыс туралы ауызшы арыз қандай құжатпен рәсімделеді...*

- Хаттамамен.
- Қызметтік хатпен.
- Баянатпен.
- Арызбен.

-Қаулымен.

*82.Қылмыстық құқық бұзушылық жасалған кезде жеделдетілген тергеп-тексеру қандай жағдайда қолданылмайды-...*

-Барлық жағдайда.

-Сот ісі жүргізілетін тілді білмейтін адамдарға қатысты.

-Қылмыстық қудалаудан артықшылықтары мен иммунитеті бар адамдарға қатысты.

-Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысушылардың біреуі болса да өз кінәсін мойындамаған жағдайда.

-Кәмелетке толмағандар немесе дене бітімінің немесе психикасының кемістіктеріне байланысты.

*83.Жеделдетілген тергеп-тексеру дегеніміз не-...*

-Күдікті өз кінәсін толық мойындаса,келтірген залалды мөлшерімен келіскені анықталса.

-Сот ісі жүргізілетін тілді білмейтін адамдар.

-Күдікті жасаған қылмысын кінәсін мойындаса және оның ішінде бір қылмысы аса ауыр болса.

-Кәмелетке толмаған күдікті кінәсін толық мойындаса,келтірген залалды мөлшерімен келіскені анықталса.

-Қылмыстық қудалаудан артықшылықтары мен иммунитеті бар адамдарға қатысты.

*84.Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде жауап алу үзіліссіз неше сағаттан артық жүргізілмеуге тиіс-...*

-Төрт сағат.

-Сегіз сағат.

-Алты сағат.

-Бес сағат.

-Жеті сағат.

*85.Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде Қазақстан Республикасының ҚПК сәйкес айыптау актісінің мазмұны атаңыз-*

...

-Кіріспе, сипаттау-уәждеу,қарар.

-Кіріспе, сипаттама, қарар, қорытынды.

-Кіріспе, сипаттама –қарар,қорытынды,толықтыру.

-Бастапқы,аралық, нәтижелік, қорытынды.

-Кіріспе, жұмыс сатысы, қорытынды, анықтамалық.

86.Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде күзетпен ұстау мен ұйқамақта ұстауды қолдануды таңдауда қандай айырмашылықтар бар-...

- Айырмашылығы жоқ.
- Айырмашылығы бар.
- Қылмыс санатына байланысты айырмашылығы бар.
- Санкциялау субъектісімен айырмашылығы бар.
- Ұсынылатын құжаттардың тізімінде айырмашылығы бар.

87.Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде бір объектіні қайталап қарап-тексеру келесі жағдайда мүмкін-...

- Бастапқы тексеруден кейін жаңа мәліметтер алынуы мүмкін болған жағдайда.
- Қылмыстық іс тергеу ретімен келіп түскен жағдайда.
- Қылмыстық іс басқа тергеушіге берілген жағдайда.
- Бастапқы тексеру криминалистің қатысуынсыз жүргізілген жағдайда.
- Дұрыс жауап жоқ.

89.Қылмыстық-процестік заңамасында жауап алу жүргізудің неше қағидасы бар-...

- Ия, 12 қағидасы бар.
- Көрсетілмеген.
- Ия, 19 қағидасы бар.
- Жоқ, 20 қағидасы бар.
- <variant>Ия, 10 қағидасы бар.

90.Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде бұлтартпау шарасының қайсысына тергеу-судьясының санкциясы қажет-...

- Күзетпен ұстау.
- Ешқайда кетпеу және тиісті мінез-құлық туралы қолхат.
- Жеке кепілгерлік.
- Әскери қызметшіні әскери бөлім қолбасшылығының байқауда ұстауы.
- Кәмелетке толмаған адамды қарауда ұстауға беру.

91.Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде тергеуші жауап алу барысында қандай ғылыми-техникалық құралдарын қолдануға бола ма-...

- Қолдануға болады.
- Мүмкін.
- Қолдануға мүмкін емес, себебі тергеу құпиясын сақтау.

- Күдіктінің құқықтарын бұзбау мақсатында.
- Қолдануға болмайды.

*92. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде тергеуші күдікті мен қорғаушының қылмыстық іс материалдарымен танысу уақытын шектей ала ма...*

- Ия, егер олар танысу уақытын қасақана созғылары келсе.
- Жоқ, құқылы емес.
- Ия, егер қылмыстық іс бойынша алдын- ала тергеудің уақыты өтіп бара жатса.
- Ия, егер танысу уақыты 5 тәуліктен асатын болса.
- Ия, егер танысу нәтижелері соттық перспективаға әсер ететін болса.

*93. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде күдіктінің біреуі қылмысқа қатыстылығы жоқ екені анықталған жағдайда қылмыстық істі қысқартуға бола ма-...*

- Болмайды.
- Қылмыс оқиғасы болмаса.
- Әрекетінде қылмыс құрамы болмаса.
- Жағдайдың өзгеруіне байланысты.
- Күдіктінің қылмысқа қатыстылығының дәлелденбеуі.

*94. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде тұлғаны тану үшін қанша фотосурет ұсынылады-...*

- 3-тен кем емес.
- 5-тен кем емес.
- 4-тен кем емес.
- 2-ден кем емес.
- Тану жүргізуші адамның қарауына байланысты.

*95. Куәнің беті жабулы күйде (маскада), өзі туралы еш мәлімет бермей тану үшін көрсету жүргізу әрекеті мүмкін бе-...*

- Болады, куәнің өтінішімен, оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында.
- Жоқ, бұл жариялық қағидасына қарсы.
- Болады, тек алдын-ала тергеу барысында, сотта оған рұқсат берілмейді.
- Жоқ, себебі айыптау тарабының іс бойынша барлық материалдармен танысу.
- Жоқ, себебі куә қылмыстық процестік ең басты қатысушысы емес.

*96. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде қандай жағдайда куәгерлер қатысуға міндетті...*

- Тінту, жеке басын тінту, тұрғын мекен жайын.
- Қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпарат тіркелгенен бастап барлық жағдайда.
- Жауап алмас бұрын күдіктінің жеке басын тінту;
- Айыталушы ретінде жауап алғаннан бастап.
- Іс бойынша іс жүргізудің кез келген сәтінде.

*97. Тергеушінің күдіктіні «күзетпен ұстау» бұлтартпау шарасын қолданғанда қаулының құрылымы қандай...*

- Кіріспе, сипаттамалы-дәлелдемелі, резолютивтік.
- Кіріспе, сипаттамалы-дәлелдемелі, арнайы.
- Кіріспе, сипаттамалы-дәлелдемелі, резолютивтік, арнайы қосымша.
- Кіріспе, сипаттамалы-дәлелдемелі, қорытынды.
- Кіріспе, сипаттамалы-дәлелдемелі, ұсыныс.

*98. Қылмыстық істі тергеу барысында қатыстығы дәлелденбеген жағдайда қандай шешім қабылданады...*

- Қылмыстық іс бойынша тоқтату туралы қаулы.
- Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы хаттама.
- Бас тарту туралы шешім.
- Бас тарту туралы хаттама.
- Қылмыстық іс қысқарту туралы акт.

*99. Қылмыстық іс бойынша қай кезден бастап күдікті қорғаушының көмегіне сүйенуге құқылы...*

- Күдікті ретінде ұсталғаннан, күдікті ретінде жауап алу барысында, бұлтартпау шарасын таңдаған сәтте.
- Алдын-ала тергеу аяқталғаннан кейін.
- Істі сотқа жібергеннен бастап.
- Қылмыстық істі жүргізуші органның қарауы бойынша.
- Айыптау үкімі шыққаннан кейін.

*100. Тергеп-тексеруде ұстап алу кезінде тергеуші қандай құжат толтырады...*

- Хаттама.
- Акті.
- Анықтама.
- Қаулы.
- СДТТБ тізіліміне тіркеу жүргізіледі.

